



ЕРТІС ӨНІРІН ОДАН ӘРІ ДАМУЫТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар облысының әкімі Асайын Байхановты қабылдады.

Президентке Павлодар облысының былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына былтыр ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық базалық макрокөрсеткіш бойынша оң динамикаға қол жеткізілгені жөнінде баяндалды. Облыс экономикасына 965 миллиард теңге инвестиция тартылған. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 26 пайызға көп.

Жолаушылар тасымалы секторында 31 пайыз, машина жасау ісінде 13 пайыз, құрылыс саласында 8 пайыз өсім байқалады.

Президентке 73 шақырымнан астам жылүмен қамту желісіне реконструкциялау жұмыстары жүргізілгені жөнінде мәлімет берілді. Екібастұз жылу электр орталығындағы барлық 10 қазандық агрегат жөнделді. Техникалық суға арналған 11 шақырым жаңа құбыр тартылып, 5,4 шақырым магистралды жылүмен қамту желісіне реконструкция жасалды.

Асайын Байхановтың айтуынша, облыстағы ауылдарда үш заманауи мектептің салынуы апатты жағдайдағы мектептерге қатысты мәселені шешуге мүмкіндік берді. Өнірде 54 білім беру ұйымы толықтай жаңғыртылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына екі жыл ішінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 30 жаңа медициналық нысан салынатыны туралы баяндалды.

Облыста қоғамдық көлік жүйесін кезек-кезеңімен жаңғырту жұмыстары басталған. Былтыр қалалық автобус паркі 130 жаңа автобуспен толықтырылды. Сондай-ақ 722 шақырым автожол жөнделген.

Президенттің тапсырмасын орындау үшін ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасып жатыр. Былтыр 37 мыңнан астам халқы бар 44 ауылға жаңа су құбыры тартылды. Осылайша, облыстағы ауыл тұрғындарының 98 пайызына таза ауызсу жеткізілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкіміне Ертіс өнірін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА 10 СПОРТ НЫСАНЫ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлын қабылдады.

Президентке Ұлытау облысының былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы есеп берілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 14 пайызға өсіп, 210,1 миллиард теңгеге жетті. Осы ретте жеке инвестицияның үлесі 90 пайызды құрады. Былтыр өнірде жалпы сомасы 10 миллиард теңге болатын 3 ірі жоба іске асырылды.

Берік Әбдіғалиұлының айтуынша, биыл кем дегенде 16 жобаны, оның ішінде өнеркәсіп және геология бағыттары бойынша — 8, туризм және сауда салаларында — 3, агроөнеркәсіп кешенінде 5 жобаны іске қосу жоспарланған. Нәтижесінде, өнірде 700 жаңа жұмыс орны ашылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл аграрлық салада құс фабрикасын, ет өңдеу кешенін салу, 3 000 гектар аумақта картоп және көкөніс өсіретін фермерлік шаруашылықтарды іске қосу көзделіп отырғаны жөнінде мәлімет берілді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 3 600



орындық 6 мектеп салынады. Оның біреуі биыл Жезқазған қаласында пайдалануға берілім.

Сонымен қатар Ұлытау облысының әкімі биыл іске қосылатын 10 спорт нысаны жайында баяндалды. Атап айтқанда, 320 адамға арналған бассейні бар көпфункционалды спорт кешені, Жезқазған қаласында «Қазақмыс» корпорациясының «Намыс» СК балалар мен жасөспірімдер спорт академиясы, Жезді және Жаңаарқа кенттерінде денешынықтыру-сауықтыру кешендері, Қаражалда жабдық бассейні, сондай-ақ ангар типті 5 ойын кешені салынады.

Кездесуде облыстағы жылыту маусымының және жылүмен қамтамасыз ету жұмыстарының

барысы туралы айтылды. Инфрақұрылымды одан әрі дамытуға байланысты 2029 жылы Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында екінші жылу электр орталықтарының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл орталықтар жылу тапшылығы мәселесін шешуге тиіс.

Мемлекет басшысына Жезқазған-Қызылорда және Жезқазған-Арқалық жолдарының құрылыс-монтаждау, сондай-ақ Ұйтаас-Айдос су құбырын реконструкциялау жұмыстары басталғаны жайында баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өнірді одан әрі дамыту және тұрғындардың әлауқатын жақсарту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндияның президент сайлауында жеңіске жеткен Александр Стуббқа құттықтау жеделхатын жолдады.

«Сайлаудағы жеңісіңіз халқыңыздың Сізге деген сенімін білдіреді, сондай-ақ Сіздің перспективті бағдарламаныз бен мол саяси тәжірибеңізді қолдайтынын көрсетеді. Финляндия өзінің басшылығыңызбен қарқынды дамуын жалғастырып, өркендей беретініне сенімдімін. Біз Финляндиямен арадағы достыққа



және өзара құрметке негізделген берік қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Екі елдің игілігі жолындағы ұзақмерзімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтып,

екіжақты ықпалдастықтың әлеуетін пайдалану үшін Сізбен және фин үкіметімен тығыз байланыс жасаймыз деп сенемін», — делінген жеделхатта.

ТҰТЫНУШЫ ЗАҢЫ – ҚАРАШАНЫҢ ҚАМЫ



4
БЕТ

ҚАНТ ӨНДІРІСІ ТОҚЫРАП ТҰР



5
БЕТ

Жаңа Үкімет биыл агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласына ауқымды реформа жүргізеді. Мұны таяуда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы тапсырды. Ел Президенті ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны екі есе арттыруды жүктеді. Өзге өзгерістер, тың бетбұрыстар қолға алынуға тиіс. Егер мемлекет алға қойған мақсаттарының үдесінен шыға алса, биылғы жыл іс жүзінде нағыз «Ауыл жылына» айналуы бек мүмкін.

ДАМУҒА НЕ ТЕЖЕУ?

Ел Президенті ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған басты кедергіні атады: бұл — жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Ауыл шаруашылығының барлық саласы тиісті субсидия мен инвестицияға жарымай келеді. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, етінің бітік шықпауына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкеліп соқтырды.

Қазақстан әлем түгіл ТМД көлемінде әр гектардан ең аз өнім жинайтын республикаға айналғанын сарапшылар біраз жыл айтып келеді. Жағдай түзелетін емес, кері кетуде. 2023 жылы 10,9 миллион тонна бидай жиналды: шығымдылық әр гектардан бар-жоғы 8,6 центнерден айналды. 2022 жылы өнімділік 12,9 центнерден келіп, 16,6 миллион тонна бидай орылған-тын. Бұлай бара берсе, Қазақстан «ас атасымен» өзін асырай алмайтын халге жетуі мүмкін.

(Жалғасы 5-бетте)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ САЛАЛАРҒА – ҚОМАҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовты қабылдады.

Мемлекет басшысына банк жұмысының нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді. Николай Подгузовтың айтуынша, Еуразиялық даму банкінің Қазақстан экономикасына салатын жыл сайынғы инвестициясы екі жыл қатарынан 1 миллиард доллардан асып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа банктің 2022-2023 жылдардағы инвестициясының жылдық көлемінің жалпы сомасы 4,2 миллиард долларды құрағаны туралы баяндалды. Бұл Стратегияда бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған жоспардан шамамен 1,5 есе көп. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша, бұл көрсеткіш 59 пайызды құрады.

Президентке берілген мәліметке сәйкес, Қазақстандағы әлеуетті жобаларға бөлу үшін банктің 2024 жылға қарастырып отырған қаржы көлемі 3,5 миллиард доллардан асады. Инвестицияны, ең алдымен көлік инфрақұрылымы, жылу энергетикасы, жанартылатын энергия көздері, өнеркәсіп, агроөнеркәсіп және су ресурстары сияқты стратегиялық маңызды



салаларға салу жоспарланып отыр.

Николай Подгузовтың айтуынша, биыл банк Қазақстанның қаржы нарығын дамыту және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың жаңа құралдарын енгізу ісіне атсалысуға ниетті.

Сонымен қатар Еуразиялық даму банкі төрағасы Мемлекет басшысына Орталық Азияның су-энергетика саласына жасалған зерттеу нәтижелерін таныстырды. Банк Қазақстанның су ресурстарын тиімді пайдаланатын елдердің көш-басшысы ретінде қалыптасуына ықпал етуге ниетті. Сондай-ақ суды үнемдейтін және энергетикалық тұрғыдан тиімді технологиялар бойынша аймақтық сараптама орталықтарын дамыту үшін 10 миллион долларға дейін гранттық қаржы бөлуге дайын. Бұған қоса, суды есепке алудың цифрлық

технологияларын, суармалы жерлерге толықтай лазерлік жоспарлау тәсілін енгізуге және заманауи ирригациялық құрал-жабдықтар өндіретін өнірлік өндірістік-сервистік кластер құруға бағытталған жобаларға 400 миллион долларға дейін қаржы бөлмек.

Мемлекет басшысы биыл жазда Алматы қаласында Еуразиялық даму банкінің жылдық қорытынды жиналысын және іскерлік форумын ұйымдастыру мәселесін құптайтынын жеткізді. Аталған форумның күн тәртібінде Орталық Азияның су-энергетика кешеніне, көлік жүйесі құрылымы мен қаржы құралдарын дамытуға қатысты мәселелер қамтылады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде банк қолдау білдірген инфрақұрылымдық жобалардың маңызды екенін айтты.

РЕФОРМА АУЫЛҒА ЖЕТУГЕ ТИІС





ЖАЙЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 15 ақпан күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін талқылап, бекітті.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Ол жайылымдарды басқару және пайдалану саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді көздейді.

Атап айтқанда, депутаттар бастамашы болған заңда халықтың қажеттілігіне арналған жайылым жерлерді ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа

түрлеріне ауыстыруға тыйым салатын нормалар қарастырылған.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлардың «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қызметі туралы депутаттық сауалы бойынша Көлік министрі Марат Қарабаевтың ауызыша жауабы тыңдалады.

Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру стратегиялық міндет деп белгілеп бергенін атап өтті. Осыған байланысты палата отырысында азаматтар мен кәсіпкерлер жиі көтеріп жүрген жолаушылар тасымалы, жүк тасымалы, тарифтік саясат және тағы басқа маңызды мәселелерге баса мән беріледі.

ОТАНДЫҚ ТАУАРЛАР ҮЛЕСІ АРТАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларында отандық тауарлардың үлесін арттыра отырып, оларды түбегейлі жеңілдетуді және жеделдетуді тапсырды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Үкімет басшысы қолданыстағы рәсімдер көбінесе мемлекеттік сатып алулар үдерісінің әдейі кешіктірілуіне әкеліп соқтыратынын, оның салдарынан жана жобаларды іске асыру және тұтастай алғанда экономиканың дамуы баяулайтынын атап өтті.

«Мұндай жағдайда пәрменді түрде алға жылжу керек, өйткені қазіргі сатып алу жүйесі бәрін тежеп отыр. Конкурстарға шағымдану рәсімінің төңірегінде тұтас астыртын бизнесстер пайда болды. Кейіннен бұл мәселеге



қайта айналып соқпас үшін біз жағдайды түбегейлі өзгертуіміз керек», — деді О.Бектенов Үкіметтегі кенесте.

Бұл ретте ол тиісті ынталандыру тетіктері арқылы сатып алулардағы отандық тауарлардың үлесін едәуір арттыру қажеттігіне тоқталды. Бұл — республикада әлі жолға қойылмаған жана өндірістерді қолдауға да қатысты мәселе.

Олжас Бектенов мемлекеттік органдарға қысқа мерзімде сарапшылармен және бизнес-қоғамдастықпен бірге қажетті шараларды пысықтауды, оларды Парламент қарауындағы заңнамалық түзетулерге енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ жиында QazTech мемлекеттік басқарудың бірыңғай шифрлық платформасын іске қосу және тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері қаралды.

ОРМАН ӨРТІН ЕРТЕ АНЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Мәжілісте орман өрттерінің алдын алу және оған қарсы күрес тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Мәжіліс вице-спикері Альберт Рау жетекшілік еткен жиында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Үкіметтің осы бағыттағы жұмысы туралы баяндады.



Отырысты ашқан Альберт Рау жыл сайын мемлекеттік орман қоры аумағында 650-ден 800-ге дейін өрт оқиғасы тіркелетінін айтты. Соңғы 5 жылда олардың саны 3 200-ден асып, 610 мың гектар алқап өртке оранған.

— Былтыр маусым айында «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватында болған өрт 60 мың гектар орманды шарпыды. Отты ауыздықтау кезінде 15 адам қаза тапты. Мемлекет басшысы Абай облысында өткен жедел штаб отырысында бұл салада шешімін таппаған мәселелердің көп екенін айтты. Мәжіліс депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша мемлекеттік органдар қандай жұмыс атқарып жатқанын, орман өрттерінің алдын алу мен оны сөндірудің жана технологиялары қалай енгізіліп жатқанын білгісі келеді, — деді Альберт Рау.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев табиғи өрттердің алдын алу және жою жүйесін күшейту мақсатымен Экология және Төтенше жағдайлар министрліктерінің бірлескен бұйрығымен табиғи өрттерді жою кезінде уәкілетті органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылының алгоритмі бекітілгенін айтты.

— «Орман өрттерін ерте анықтау жүйесі» жобасы әзірленді. Өрттер 30 шақырымға дейін айналмалы көру мүмкіндігі бар бейнебақылау камералары арқылы анықталады. Бұл жүйені «Бұрабай» ұлттық саябағына енгізу өз тиімділігін көрсетті. Егер бұрын мұнда орман өртінің орташа ауданы 80 гектар болса, жүйе енгізілгеннен кейін аумақ 1,5 гектарға дейін қысқарды, — деді Е.Нысанбаев.

Сондай-ақ республиканың барлық орман шаруашылығын материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін 2023-2027 жылдарға арналған азаматтық қорғау саласындағы бірінші кезектегі шаралардың кешенді жоспары әзірленген. Сөйтіп, 1 082 арнайы техника, өртке қарсы және орманды қалпына келтіру жұмыстарына 948 тіркеме және қосымша жабдық сатып алу, орман өрттерін ерте анықтау жүйесін орнату, орман шаруашылығы мекемелерінің аумағында 102 өрт бақылау мұнарасын салу жоспарланып отыр.

Жиында Төтенше жағдайлар вице-министрі Бауыржан Сыздықов ұшқышсыз авиацияны дамытуға баса назар аударды. Ол өрттің алдын алу мен бақылауда ғана емес, өрт қауіпсіздігі режимін бұзушыларды анықтауда тиімдірек болып отыр. Бүгінде Төтенше жағдайлар министрлігінде тікұшақ үлгісіндегі 120 дрон бар, оның жартысынан көбі былтыр сатып алынған.

Мәжілістің Экология және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршин Үкімет сағатына дайындық барысында бір топ депутат «Бұрабай» ұлттық саябағындағы орман өрттерін ерте анықтау жүйесінің жұмысымен танысқанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл жүйе барлық орманға енгізілмеген.

— Биыл «Семей орманы» қорығы аумағында өртті ерте анықтау жүйесін енгізу үшін қажет 4,1 млрд теңге қолдау таппай отыр. Жана Үкімет бұл мәселеге қолдау білдіріп, тиісті министрліктер мен әкімдіктер осындай жүйені өңірлерде енгізу үшін барлық мүмкіндікті қарастыруы қажет. Сондай-ақ Экология министрлігі ормандағы жағдайды бақылау үшін Аэроғарыш комитетімен бірлесіп, термалды нүктелерді анықтау бойынша ғарыштық мониторингті әзірлеуі және жүргізуі керек. Бұл өрттерді сөндіру үшін тиісті шараларды жедел қабылдауға мүмкіндік береді, — деді Е. Жаңбыршин.

Отырыс барысында депутаттар шешімін таппаған басқа да мәселелерге тоқталды. Мысалы, олардың қатарында орман қорын қалпына келтіру, Семей орманындағы өрттің шығын мөлшерін толық бағалау, табиғи аумақты жарактандыруға бөлінетін қаржы, жерді ғарыштан мониторинг жасау жүйесінің қызметі, орман шаруашылықтарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ғалымдар мен мамандар даярлау, орман шаруашылығы қызметкерлеріне қосымша ақы төлеу және тағы басқа мәселелер бар.

Альберт Рау Экология және табиғат пайдалану комитеті аптаның соңына дейін орман өрттерінің алдын алу және онымен күресу бойынша ұсыныстарды жинақтап, Үкіметке жіберетінін айтты.

— Жаз маусымы басталмай тұрып жауапты мемлекеттік органдар шығындарды азайту үшін тиісті шаралар қабылдап үлгеруі қажет. Цифрландыру — бұл шешім емес. Бірақ бұл — «Бұрабай» саябағындағы мысалдан көргеніміздей, өрттің салдарын залалсыздандыруға болатын тәсілдердің бірі. Сонымен қатар біз жауапкершілік ғарыштан өрттің анықталғаны туралы сигнал алған сәттен бастап енгізілетін ереже қарастырдық. Мұның бәрі — ұлттық қазына-байлығымыз үшін жасалып жатқан әрекеттер, — деп түйіндеді вице-спикер.

Үкімет сағаты аясында Мәжіліс ғимаратында Экология және Төтенше жағдайлар министрліктерінің ұйымдастыруымен тақырыптық көрме өтті. Депутаттарға қызметтік техника мен құтқарушылардың құрал-жабдықтары көрсетілді.

AIF: ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ПЛАТФОРМА



ASTANA INTERNATIONAL FORUM

Қазақстан жыл сайынғы II Астана халықаралық форумын іске қосады. Бұл туралы CIM баспасөз қызметі мәлім етті.

Аймақтың жетекші халықаралық конференциясы, Астана халықаралық форумы (AIF) Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылғы 13 және 14 маусымда Астанада өтеді. 2023 жылғы I форумның жетістігіне сүйені отырып, биылғы іс-шара халықаралық қоғамдастыққа жаһандық қауіпсіздік, тұрақтылық пен өркендеудің өсіп келе жатқан сын-көтерлері алдында бірігуге мүмкіндік береді.

2024 жылғы Астана халықаралық форумы қазіргі заманның өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу және ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын

айқындау үшін әлемнің түкпір-түкпірінен жоғары дәрежелі үкімет делегаттары мен бизнес-көшбасшыларды жинайды.

Мемлекет басшылары, жетекші әлемдік саясаткерлер, бизнес көшбасшылары және қоғам қайраткерлерін қоса алғанда, 50-ден аса елден 5 000-нан астам делегатты жинаған 2023 жылғы форумның жетістігін ескере отырып, AIF2024 төрт негізгі бағытқа бөлінеді: сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік, халықаралық даму және тұрақтылық, энергетика және климаттың өзгеруі, экономика және қаржы.

Бұл бағыттар екі күндік белсенді панельдік сессиялар, пікірталастардың және байланыс орнатуға арналған арнайы мүмкіндіктердің негізгі тақырыптары болады. Олардың түпкі мақсаты — көпжақтылықты жандандыру және екіжақты серіктестіктер үшін жана мүмкіндіктер үшін нақты нәтижелерге қол жеткізу.

2024 жылғы Астана Халықаралық форумы Қазақстан үшін әлемдік аренадағы маңызды платформа болып табылады. Себебі биыл Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Түркі мемлекеттері ұйымы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы және Аралды құтқару халықаралық қорын қоса алғанда, бірнеше жетекші халықаралық ұйымдарға төрағалық етуге ниетті.

АСТАНАДА РОБОТОТЕХНИКА ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Биыл ақпанның 23-25-і Астанада Central Asia FIRST Championship ресми чемпионаты өтеді. Оған әлемнің 10 елінен 3 000-нан астам оқушы қатысады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қатысушылар арасында көптеген мемлекеттерден командалар, оның ішінде Гонконг, БАӘ, Түркиядан келетін оқушылар бар. Қазақстандағы іріктеу чемпионаттары барысында квота алған 200 команда таныстырады.

«Мұндай көлемдегі робототехника бойынша чемпионат Қазақстанда алғаш рет өтеді. Былтыр чемпионатқа 1 200-ге жуық оқушы қатысты, биыл қатысушылар саны 2,5 есе көп. Біз балаларымыз бәсекелестікті сезінуі үшін халықаралық мықты командаларды шақырдық», — деді USTEM Foundation қоры



ның негізін қалаушы Нұрәулет Досмағамбет.

Мектеп оқушылары үш негізгі жас санаты бойынша бәс сынайды: FLL Explore (6-10 жас), FLL Challenge (10-16 жас) және FIRST Tech Challenge (12-18 жас). Чемпионатта Роботтар ойынынан басқа инновациялық

жобалар байқауы мен төрешілер сессиялары қамтылады.

Central Asia FIRST Championship жеңімпаздарының халықаралық жарыстарға қатысуға лицензиялар, бағалы сыйлықтар және қазақстандық әрі шетелдік жоғары оқу орындарына гранттар алуға мүмкіндіктері болады.



ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР – ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні қарсаңында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының ұйымдас-тыруымен «Гендерлік теңдік – ел өркендеуінің көпілі» атты республикалық форум өтті.

Форум жұмысына еліміздің қоғамдық өміріне белсенді араласып, түрлі жетістікке қол жеткізіп жүрген ғалым, сарапшы, партия белсенділері, жастар қауымы, мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов шаһардағы ғалым қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, алғысхат табыстады. «Әлемде ғалымдардың 30 пайызы – қыз-келіншектер. Ал елімізде бұл көрсеткіш 54 пайызды

күрайды. Бұл – Қазақстанда қыз баланың білім алуына, ғылым жолын таңдауына ешқандай кедергі жоқ екенінің бір көрінісі. Яғни, елімізде әйелдер және отбасы ісінде, білім және ғылым саласында жүйелі жұмыс жүріліп жатыр деген сөз. Дейтұрғанмен, аталған салада еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерді толғандыратын мәселелер де бар. Бүгін соны ашық айтып, жан-жақты талқылау үшін бас қосып отырмыз», – деді «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының атқарушы хатшысы Жанар Бектаева.

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Партиялық бақылау комиссиясы отырысында көктемгі су тасқындарының алдын алу және болдырмау бағытында жүріліп жатқан жұмыстардың барысы пысықталды.

Шарада алғаш болып сөз тізгіндеген облыс әкімдігі Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Нағима Темірбекова өңірдегі су қоймаларының сыйымдылығы 136,6 млн текше метрді құрай-тынын тілге тиек етіп, бүгінгі күнге

су қоймаларында нақты 48,3 млн текше метр су жинақталғанын жеткізді. Яғни, бүгінде өңірдегі су қоймаларында 35 пайыз су жинақталып тұрғандығын баяндады. Жамбыл облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Ералы

Ақылбековтің айтуынша, өңірдегі елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басу қаупі бар екендігі айтылды. Атап айтқанда, Шу, Талас және Аса өзендерінің арналарында су деңгейінің көтерілуі байқалған. Бұл жағдайға тау бөктеріндегі еріген қар суы мен жаңбыр сулары күрт молайған жағдайда аталған аумақтарда су тасқыны болуы ықтимал. Сол себепті алдын ала болжамдар жасалып қажетті шаралар жан-жақты қабылдану керегі айтылды.



Жошы ұлысының 800 жылдығына орай конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастыры-лады. Сенат депутаттарының сауалына жауап берген Премьер-Ми-нистрдің орынбасары Тамара Дүй-сенова биыл атқарылатын іс-шаралар жоспарын таныстырды.

«Бүгінде «Жошы ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ғылыми жобалар мен ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруда. Мемлекет басшысының Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы бойынша бірінғай мектеп оқулықтарын әзірлеп, енгізу туралы тапсырмасына сәйкес жұмыстар жүріліп жатыр. Бұл ретте, отандық архивтер мен кітапханаларда жаңадан анықталған дереккөздерді пайдалана отырып, Жошы ұлысына қатысты тың деректерді қамтитын «Қазақстанның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» жеті томдық академиялық басылымы әзірлену үстінде. Оның негізінде «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша бірінғай мектеп оқулықтары дайындалады. Сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың бастамасымен Жошы монографиясы мен Жошы ұлысының тарихы жөніндегі дереккөздердің аудармалар жинағының таныстырылымын ұйымдастыру жоспарланған», – деді Тамара Дүйсенова жауабында.

Бұдан бөлек, вице-премьердің дерегіне, «Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ҰЛЫҚТАЛАДЫ

Жошы, Шағатай және Хайду ұлыстарының тарихы», «Қазақстан мемлекеттілігі тарихының өзекті мәселелері: Хунна империясынан, Түркі қағанаты мен Жошы ұлысынан тәуелсіз Қазақстанға дейін», «Ұлы ұлыстың негізін қалаушы Жошының өмірбаянын зерделеудегі өзекті мәселелер және оның ұрпақтары», «Жошы ұлысының рухани-әдеби мұрасы» атты халықаралық және «Жошы ұлысы және Қазақстан тарихындағы мемлекеттілік ерекшеліктері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, «Жошы ұлысы тарихын зерделеудегі өзекті мәселелер», «Жошы ұлысындағы әлеуметтік-философиялық мәселелер», «Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, Жошы ұлысының 800 жылдығына орай Ә.Марғұлан атындағы Археология институтымен және А.Халиков атындағы Археология институтымен (Татарстан Республикасы) бірлесе отырып, Еділ-Жайық ортағасырлық ескерткіштеріне семинарлар ұйымдастырылады.

Республикалық телеарналарда деректі және көркем фильм, балаларға арналған мультфильмдер мен бағдарламалар көрсету жоспарланған. Биыл өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойыны аясында 2022 жылы түсірілген «Жошы» анимациялық фильмі көрсетіледі. Сонымен қатар Ұлытау ескерткіш кешендерін 2024-2026 жылдарда ЮНЕСКО-



ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу мәселесі бойынша тиісті жұмыстар жүріліп жатыр. Алтын Орда, Жошы ұлысының тарихымен байланысты Атырау, Ұлытау облыстарында «Сарайшық» және «Ұлытау» республикалық музей-қорықтары құрылған. Аталған музей-қорықтар өздерінің қарамағындағы Алтын Орда кезеңіне қатысты тарихи-мәдени мұра объектілері болып табылатын

Сарайшық қалашығы, Жошы, Алаша, Болған ана, Домбауыл кесенелері сияқты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау, танымал ету жұмыстарын қамтамасыз етіп отыр. Аталған музей-қорықтардың музейлік экспозициялар құрылған ғимараттарымен қоса, соңғы жылдары құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген визит-орталықтары арқылы Алтын

СЫН КӨТЕРМЕЙТІН ЖАТАҚХАНА КӨП



«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының мүшелері мен «Жастар рухы» ЖҚ белсенділері Қарасай ауданындағы бірқатар колледж жатақханасын тексерді. Мониторинг барысында студенттер баспанасының сапасы сын көтермейтіні анықталды. Бірінде интернет жоқ болса, енді бірінде білім алушылар көнерген көрпе-жастық жастанып жатыр.

Партиялықтар 1986 жылы пайдалануға берілген Санжар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік техникалық колледжіне мониторинг жүргізді. 300 орынға негізделген студенттер үйі 38 жылға жуық уақыт күрделі жөндеуден өтпеген. Бүгінде мұнда 50-ге жуық студент тұрып жатыр.

«7 мамандық бойынша 600-ге жуық шәкіртке кәсіптік білім беретін іргелі мекеменің жай-күйі сын көтермейді. Жатақхана қабырғасының сылағы түсіп, асуы мен тазалық бөлмелерінің тозығы

жетіп тұр. Су жүйесінің де жағдайы нашар. Оған қоса, қаланың қак ортасында орналасқан білім ордасы интернет желісіне де қосылмаған», – деді Алматы об-лыстық мәслихат депутаты, өңір-лік «Жастар рухы» ЖҚ төрағасы Әсел Заирова.

Ал колледж директорының айтуынша, білім ордасында интернет бар, тек жылдамдығы нашар.

«Интернет жылдамдығы өте төмен. Сондықтан іске қосылмай тұрған шығар. Жанартуды қажет ететін заттар аз емес. Ғимаратты

күрделі жөндеуден өткізуге көптен бері өтінім беріп келеміз. Алайда қаржы қарастырылмай жатыр», – деді колледж директоры Рүстембек Бөкіров.

Сондай-ақ мониторинг тобы Қаскелең мәдениет колледжіне де барды. Мұндағы студенттер үйі 55 жыл бұрын салынған. 2014 жылы күрделі жөндеуден өткен. Алайда электр жүйесінде қауіпсіздік та-лаптары сақталмаған.

«Студенттер лас төсенішке жатуға мәжбүр. Біз барған кос мекеменің мүшкіл жағдайы көптен бері айтылып, көтеріліп келеді. Білім басқармасына депутаттық сауал да жолданды. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін жауап жоқ», – деді Ә.Заирова.

Алдағы уақытта аманаттықтар өңірдегі орта арнайы оқу орын-дарындағы жатақханаларға мо-ниторинг жүргізеді.

АҚТӨБЕДЕ АЛТЫ МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

Бұл туралы Ақтөбе қалалық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депу-таттық фракциясының жина-лысы барысында айтылды.

Жиында партияның Жол қар-тасы бойынша былтыр атқарылған жұмыстар қорытындыланып, биылғы көрсеткіштердің жергілікті бюджеттен қаржыландыру мәселесі қарастырылды. Былтыр бітпеген істі толық аяқтау үшін тапсырмалар беріліп, 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Қуантайұлы Жол картасында бекітілген негізгі 3 бағытқа тоқталып, орындалған міндеттерді айтты.

– Табысты арттыру бағыты бойынша, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 1 044 жобаға қолдау көрсетіліп, тұрақты жұмысқа 7 693 адам орналастырылды. Екі ауқымды инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде 130 жаңа жұмыс орны



ашылды. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында Жаңа – Әлжан дірмен комбинаты және Айс плюс сүт зауыты жаңғыртылды. «Жер аманаты» партиялық комис-сиясының ықпалымен 1 724 гектар жер қайтарылды, – деді ол.

Өмір сүру сапасын арттыру бағыты бойынша №12, 14 орта мектептеріне қосымша құрылыс салынып, алты мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Заречный-1 тұрғын алабындағы амбулатория ғимаратына қайта құру жұмыстары

жүргізіліп, 264 медициналық жабдық сатып алынды. Спорт инфрақұрылымымен халықты қамту 45,2 пайызға жетті.

Өмір сүру жағдайларын жақ-сарту бағыты бойынша бюджет есебінен 28,6 шаршы метр тұрғын үй салынды. Оның ішінде 200 пәтер әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған. Ақтөбе қаласындағы Жастар, Есет бағыр, Пацаев, Сәтбаев, Сазды көшелерінің жолына күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Орда тарихын, мәдениетін насихаттауға, танытуға мол мүмкіндіктері бар.

«Еліміздің жетекші музейлері саналатын Астанадағы Ұлттық музейде, Алматы қаласындағы Мемлекеттік орталық музейде Алтын Орда кезеңінің бірегей артефактілерін паш етіп отырған музейлік қорлар сақталған. 2023 жылғы маусымда Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрында «Жошы хан» тарихи драмасының тұсауы кесіліп, қантардағы репертуарына енгізілді. Бұл іс-шара республикалық телеарналарда трансляцияланды және республикалық, өңірлік баспа БАҚ-тарында және интернет ресурстарда жарияланды», – деді Үкімет басшысының орынбасары.

Т.Дүйсенованың атап өтуінше, Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 18 тамыздағы қаулысымен «Есіл» ауданының «Е 809» көшесіне «Жошы хан» есімі берілді. 2024 жылғы 12 қантарда Астана қаласында Жошы ұлысын зерттеу ғылыми институтының бастамасымен «Жошы ұлысының тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстар Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл толуына орай ұйымдастырылатын шаралар аясында жалғастырылады», – деді ол.

Ұлағат БЕКБОЛАТ



ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІК КӨЗІНЕ АЙНАЛСА ИГІ

Қазақстан тікелей шетелдік инвестиция тартуда алдыңғы орындарда келеді. Бұл FDI Standouts Watchlist ұйымының жыл сайынғы зерттеуінде мәлім болған мәлімет. Аталған зерттеуде 2023 жылғы макроэкономикалық даму және тікелей шетелдік инвестиция тарту көрсеткіші бойынша топ – ондыққа кірген мемлекеттердің көшін Камбоджа бастаған. Одан кейін Филиппин, Кения, Ирак, Намибия тұрса, бізден кейінгі жетінші орынға Әзербайжан тұрақтапты.

Былтырғы жылдың қорытынды есебінде елімізде экономиканың өсімі 5,1%-ды құрады. Соңғы екі жыл қатарынан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің жылдық көлемі 26-28 млрд доллар болды. Соңғы онжылдақтағы жоғарғы өсім осындай. Бірақ төкмейісептің кез емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа инвестициялық кезеңді бастау керегін айтты. Яғни, жұмысқа жаңа серпін қажет. Өйткені негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азаюда. «Бұл күрделі жағдай деуге болады. Себебі экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін. Сондықтан ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек», — деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл ауқымды міндетті жаңадан құрылған инвестициялық штабқа жүктейтінін жеткізді. Ол үшін инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйені қалыптастыру қажет.

2029 жылға қарай Қазақстанның экономикасының көлемі 450 млрд долларға жетуі тиіс. Ол үшін еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын 6%-дық өсімді көрсетіп отыруы керек деген сөз. Макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар ел тұрғындарының нақты табысы да қарқынды түрде көбеюі тиіс. Ауқымы зор амбициялы мақсат.

Алайда ішкі-сыртқы инвестицияны көбейту туралы міндет айтарлықтай орындалмай жатыр. Мәжіліс депутаты Қайрат Балабев айқын бастамалардың межелі мерзімінде һәм өз деңгейінде орындалмауын, жүйенің дұрыс жұмыс істемеуінен деп есептейді. «Мысалы, көптеген облыстардың отыз жылдан бері

сында соңғы жылы ағын төмендеді. Ең аз көрсеткіш Жамбыл және жаңадан құрылған облыстарда байқалады. Өңірлерге жеке инвестициялар ағыны үшін әкімдердің жауапкершілігін жүктеу және арттыру инвестициялық саясаттағы тәсілдерді өзгертеді. Бірақ айта кету керек, бұл проблема мемлекеттік реттеу және басқару жүйесі сияқты жаһандық проблеманың көрінісі. Сондықтан мемлекеттік басқаруды жаңғырту қажет», — дейді сарапшы.

Әділ әрі бәсекеге дайын экономиканың талабы — заңдылықтың сақталуы.

Елімізге тартылған инвестицияның ел ішінде тамыр жаюы үшін бірқатар мүмкіндік жасалуы тиіс. Дегенмен инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау тетігінде қиындатылған талап көп. Зангер Канат Қожабек алдымен сол талаптарды жұмсарту қажет екенін айтады. «Арнайы инвестициялық жобаларда да, қарапайым инвестициялық жобаларда да қойылатын талап күрделі. Әсіресе, мемлекеттік қолдауға қол жеткізуде бюрократиялық кедергілер өте көп. Екіншіден, Инвестициялық комитет қазір Сыртқы істер министрлігінің құзыретінде. Ал ол министрліктің өңірлерде өкілдіктері жоқ. Менің ойымша, ол комитет Ұлттық экономика министрлігінде болғаны жөн. Болмаса арнайы уәкілеттік беріп жеке агенттік ретінде құрса дұрыс болар еді. Үшіншіден, ірі жобаларды жүзеге асыратын инвесторларға ғана емес, шағын және орта бизнесі жүзеге асыратын инвесторларды да қолдауды күшейткен дұрыс», — дейді зангер.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында атқарушы органдар пайдалы жок презентациялар мен іс-шаралар өткізуді қысқартып, нақты нәтижелі жұмыс істеуге көшуі тиіс деп атап көрсетті. Бұдан былай мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары қорытындысы бойынша Үкімет

вестордың құқығы қорғалды. Олардың ел экономикасына салған салымдарының жалпы құны 1,4 трлн теңгені құрайды», делінген Бас прокуратураның мәліметінде.

КСЗИ сарапшысы Әсел Әбен өңірлерде бюрократияның кесірінен инвест-жобалардың орындалу мерзімі мен жалпы жоспары бұзылып отырғанын айтты. «Мәселен, нысанның құрылысын бастау үшін әртүрлі инстанциялардан 60-тан астам рұқсат қажет. Сонымен қатар инженерлік желілерге қосылу, жер учаскесін алу және тағы басқа проблемалар бар».

Жаңа жоба бастаймын деген кәсіпкердің жолын баялап, жоспарын бұзатын кедергілер тек өңірлерде ғана емес, орталықта да кездеседі. Мысалға, Бас прокуратура Kazakh Invest-мен бірлесіп атқарған жұмыс барысында Ақмола облысында инвестордың жұмысына бөгет жасау фактісін анықтаған. Мал азығын дайындайтын зауыт пен құс фабрикасын салу жөніндегі жобаның келісу мерзімін Ауыл шаруашылығы министрлігі негізсіз созбалаңға салған. «Прокуратураның араласуынан кейін инвесторға он қорытынды берілді, соның арқасында жоба жүзеге асырылуда. Ал министрліктің департамент басшысы тәртіптік жазаға тартылды», — делінген ведомство мәліметінде.

Мемлекет басшысы кеңейтілген отырыста Инвестициялық штабтың жұмысы жарты жылда бір қорытындыланып, әр министр мен әкімнің атқарған жұмысына нақты баға берілетін болатынын атап айтты. «Талап қатаң болады», — деді К.Тоқаев.

Президенттің айтуынша, елімізге ауқымды инвестиция тартудың тағы бір маңызды шарты — Ұлттық инфрақұрылым жоспары. Бұл құжат сапалы әзірленуге тиіс. Қ.Тоқаев Үкіметке инфрақұрылым жоспарын қайта қарауды тапсырды. Мәжіліс депутаты Ұлықпен шығысты тиімді жоспарлай алмауынан нәтижелі жұмыс істелінбей жатқанын айтады. «Елімізде үш аймақ қана донор болып отыр. Шығындарының 90 пайызын мемлекет субсидиялайтын облыстар бар. Тек 10 пайызы ғана өзін-өзі, онда да негізгі төлемді мемлекеттік қызметкерлердің жалақысынан алатын табыс салығынан төлейді. Бұл жерде қарапайым математикамен қарайтын болсақ, аудан бюджеті төрт миллиард болатын болса, он пайызы, яғни төрт жүз миллионы — табыс салығы деген сөз. Яғни, жаңа кәсіпорындар ашылмайды, өнімдер өндірілмейді немесе қайта өңделмейді, жұмыс орындары көбеймейді. Осыдан келіп урбанизм мәселесі туындайды. Жұмыс жоқ, адамдар қалаға асығады, баспанаға кезекке таласады. Мұның барлығы инфрақұрылымның жоктығынан. Соның салдарынан қарызға батып өмір сүріп жатырмыз», — дейді ол.

Үкіметтің кеңейтілген отырысынан кейін жаңа Премьер-Министр Олжас Бектенов Президенттің тапсырмаларын іске асыру жөнінде шұғыл кеңес өткізіп, алдағы негізгі міндеттерді пысықтап алды. Қаржы министрлігіне он күн ішінде республикалық бюджетке және бір ай ішінде жергілікті бюджеттердің барлығына ревизия жүргізу міндеті тапсырылды. Нәтижесінде, аса маңызды жок шығындар айтарлықтай қысқартылуы тиіс. Осы он күн ішінде еліміздегі барлық ірі өнеркәсіп кәсіпорындары өңдеуге бағытталған өндіріс құрудың нақты жоспарын ұсынулары тиіс. Бұл ретте, өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындар қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды түбегейлі арттыруы қажет.

«Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін дұрыс түсініп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануымыз керек. Әйтпесе, жаһандық бәсекеге ілесу қиын болады», — деді Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында. Жаңа Үкіметке жүктелген ең негізгі міндет азаматтардың жаксы тұрмысқа қол жеткізудің қамтамасыз ету. Ол үшін инвестицияны игілік көзіне айналдыра білу аса маңызды.

Бауыржан БАЗАР

ТҰТЫНУШЫ ЗАҢЫ — ҚАРАШАНЫҢ ҚАМЫ

«Қымбатқа алған аяқкиімнің табаны екі ай өтпей қақырап кетті». Астаналық тұрғын Алматы Назаров әлеуметтік желіге осындай жазба жариялаған екен. «Бағасы 45 мың болатын аяқкиімді сатып алған кезде сапасының сын көтермейтінін білгем жоқ. Астана базарларының бірінен сатып алған қыстық киімім киюге жарамсыз болып қалғанынан кейін өлгі дүкенге қайта барып, мән-жайды түсіндірдім. Дүкен иелері 2 ай болған киімге кепіл жоқ екенін айтып шығарып салды», — дейді Алматы.

Бердібек ҚАБАЙ

Жалпы, елімізде «Тұтынушының құқығын қорғау туралы» заң бар. Занда көрсетілген баптарды бақылау мемлекеттің құзырында екені айтылған. Бірақ республикалық Тұтынушылар құқығын қорғау ұйымы төрағасының орынбасары Тұрсын Жағыпарованың айтуынша, қандай да бір жағдайда тұтынушының құқығы бұзылса мемлекеттік органдардың араша сұрап жатқаны байқалмайды.

ЗАНГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕСІЗ БЕ?

Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің хабарлауынша, жыл сайын елімізде тұтынушылар тарапынан комитетке 30 мыңға жуық шағым келіп түседі екен. Бұл — бір ғана үкіметтік ұйымға тіркелген шағымдар. Ал жергілікті жерлердегі зангерлер мен тұтынушылар құқығын қорғау ұйымдарына келіп түсетін шағымның санынан жаңылып қаласыз.

«Біздің елде тұтынушылар құқығын қорғау саласында маман тапшылығы өте үлкен келенсіздік туғызып отыр. Тұтынушылардың құқығын қорғайтын кез



келген зангердің үлкен тәжірибесі болуы керек. Немесе сол бағытта маманданып бейімделуі шарт. Ал қатардағы зангерлердің барлығы бірдей тұтынушының құқығын қорғай алады деп айта алмаймын. Біздің елде зангерлерді дайындағанымен, тұтынушы құқығына байланысты деп болмейді. Ал дайындалмаған маман бірден тұтынушының құқығымен айналысып кете алмайды. Сондықтан біздің елдегі мемлекеттік органдардың құрамындағы арнаулы комитеттер мен басқармалардың мамандары шарасыздық танытады. Нақты іспен емес, тек статистикамен айналысып қана отыр. Ол жақтан тауы шағылып қайтқан кейбір тұтынушылар бізге немесе жеке зангерлерге өтініш артып жатады. Бір ғана Астананың өзінде мұндай жағдайлар мынадай тіркеледі. Қолдан келгенше заңды түрде қолдау көсетуге тырысамыз. Әрине, бір істі бастағаннан кейін сонына жету үшін уақыт қажет. Кейбір тұтынушыларымыз төзімділік танытпай, әділетсіздік құрбаны болып кете баралы», — дейді республикалық Тұтынушылар құқығын қорғау ұйымы төрағасының орынбасары, зангер Тұрсын Жағыпарова.

ЗАҢДЫ БІЛУ АРТЫҚ ЕТПЕС

Кез келген тұтынушы өзі үшін сан тармақтарын біліп жүргені абзал. Мысалы, тұтынушылар сатып алған ұялы телефондарға байланысты арызын айтып зангерлерге көп жүгінеді екен.

Қазір адамға ең қажетті құралдың бірі ұялы телефон болып кеткені шындық. Тіпті, телефонсыз өмірді елестете де алмайтынымыз рас. Бүгінде осы ұялы телефонға байланысты дау-ламай — бізде ғана емес, әлем бойынша ең күрделі мәселелердің бірі. Телефонды сатушы мен сатып алушылардың арасындағы даудың бүгін-ертең шешіле қояр түрі жоқ біздің елде. Себебі 2019 жылы 2 сәуірде қол қойылған «кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заңда ұялы телефондарды кері қайтаруға болмайтын тауарлар қатарына жатқызып жіберген екен.

Біздің кері қайтарылмайтын тауарлар тізіміне тағы не жатады дейсіз ғой?! Біріншісі — дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, екіншісі — іш киім түрлері, үшіншісі — шұлық бұйымдары, төртіншісі — жануарлар мен өсімдіктер, бесіншісі — метрлеп өлшеніп сатылатын тауарлар, оның қатарында, мата, тоқыма бұйымдары, кілем, линолеум және тағы басқа. Ең соңғы тармақта ұялы телефонның түрлері енгізілген.

«Зангер ретінде маған сатып алушылар өздерінің құқықтары тапталып жатқанына байланысты көп хабарласып жатады. Қолдан келгенше мәселенің ақ-қарасын ажыратуға тырысамыз. Дегенмен осы ұялы байланыс құралдарының шаруасы тым күрделеніп кетті. Себебі бізде бұл тауар кері қайтаруға жатпайтын заттардың қатарында болып тұр. Занды қайта қараған кезде қандай критерийге сүйенгенін түсінбедім», — дейді астаналық зангер Меруерт Нысанбай.

Дегенмен кез келген қайтаруға жатпайтын тауарды кері қайтарып, оның шығынын өтегіп алуға болады. Ол үшін заңнамада көрсетілген баптарды бүге-шігесіне дейін білу қажет екенін айтады зангер Тұрсын Жағыпарова.

ТАУАРДЫҢ ҚҰЖАТЫ БОЛУЫ ШАРТ

Сөзіміздің басында әңгіме болған аяқ киім мәселесінде де дәл осындай жағдайда тек заң тармақтары арқылы қадам жасап, аяқкиімнен бөлек оның үстінен өтемақы алуға тұтынушының мүмкіндігі бар екен.

«Ол азамат қыстық аяқкиім сатып алған болса кемінде 3 ай мерзім уақытында тауарды қайтаруға құқылы. Тауарды сатып алған кездегі чек болмаған жағдайда да тұтынушы құқығы қорғалады. Тұлға тауарды алған дүкенге келген сәтте ең алдымен сапа сертификатын талап етуі қажет. Егер сертификатты көрсетпеген жағдайда Тұтынушылар құқығы туралы заңның 190-193-бабына сүйене отырып, полиция өкілдерін шақырып, өзінің құқығы бұзылып отырғанын айтып арыз жазуы керек. Бұл жерде маңызды дүние осы сәттен бастап, аталмыш заң тармағының 18-24-баптары негізінде видеоға түсіруге құқылы. Арыз жазылған күннен бастап заң

тұтынушының құқығын қорғау тарапында жұмыс істейді. Осылайша, іс сотқа өтіп тауар Сот сараптамасы орталығына жіберіледі. Егер тауар шынымен сапасы төмен және сатып алған құнына сәйкес келмеген жағдайда дүкен әкімшілігіне, аяқкиімді шығарушы фабрика анықталса, оларға да айып салынып, тұтынушыға оның құны не басқа тауар өтеледі», — дейді зангер Тұрсын Жағыпарова.

Білімімізше, тұтынушылар туралы заңда тұтынушы өзінің ісін дәлелдеген жағдайда әр күнге тауар құнының бір пайыздан төмен емес мөлшерлемесі көлеміндегі қаражат пен сот сараптама жасау үшін кеткен шығын өндіріледі. Демек тұтынушының құқығын қорғау туралы заң бар, бірақ көп жағдайда адамның салғырттығы салдарынан заң орындалмай жатады.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 30-бабына сәйкес, «егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттанбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, тауар сатып алынған күннен күнтізбелік 14 күн ішінде сатушы, дайындаушы оны айыр-бастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған. Бұрынғырақ бұл мерзім 30 күн болатын. Дегенмен ең аз келген тауарды сатып алған жағдайда оның сапасына күмән туғызсаңыз сапа сертификатын талап ету міндеті көзделіндігін және сол арқылы тұтынушы өзінің құқығының қорғалуын қамтамасыз ете алмақ.

БАТЫСТА БӘРІ БАСҚАША

Біздің елде заң кейде зангердің араласуымен жүзеге асып жатса, батысты мүлде ондай емес. АҚШ-та тұтынушының құқығы бірінші орынға қойылады. Нәтижесінде, тұтынушылар құқығын асыра пайдаланатын адамдар тобы қалыптасқан. Мысалы, олар бір кешіне не мерекеге барса, сәнді киімдерді дүкеннен сатып алып немесе интернеттен тапсырыс беріп, заттанба-бир-қасын алып тастайма киеді екен де, келесі күні ұнамағанын айтып кері өткізіп, ақшасын қайтарып алады, мұны бізге сол жақта тұрып жатқан Алтынай Смит айтып берді.

Оның айтуынша, АҚШ билігі осы арқылы өз азаматтарын қорай отырып, ел экономикасын ұдайы бақылауда ұстайды. Сонымен бірге бизнестің дамуына серпін береді. Егер тауар ұнамаса, үмітті ақтамааса, сапасы көңіл көншітпесе, онда кері қайтару тастауға болатынын білетін сатушылар сапасы мен қызметтің бекем болуына тырысады.

Дамыған елдердің деңгейіне жету үшін біздің елде де тұтынушылардың белгілі бір статусы болуы керек. «Сатушы тарапынан саттым, өткіздім осымен бітті деген немқұрайлылықтың басым болуы сатып алушының да талаптарының белгілі деңгейде осалдығын көрсетеді. Кез келген тұтынушы өзінің құқығын қорғайтын заң талаптарының барлығын болмаса да алғы-шарттарын жадына тоқып жүрсе, біздің елде де көштің ілгерлеуі, сатушының икемделуі байқалар еді.

дотацияға қарап, тіпті аудандардың облыс пен республикалық бюджетке кіріп-тарлығы инвестиция тарту мен экономикалық дамуға деген жайбасарлықтың салдары. Географиялық платформа, табиғи ресурстар сай келіп тұрса да дамымай қалған ауылдар мен аудан, қалалар осының дәлелі. Оның үстіне бюрократиялық кедергілер де ірілі-ұсақты бизнестің қай түрін болса да тежеп келеді», — деді депутат.

Президент жанындағы КСЗИ Экономикалық саясатты талдау бөлімінің бас сарапшысы Әсел Әбеннің сөзінше, өңірлер бөлінісінде тікелей шетелдік инвестициялардың ең көп ағыны Атырау облысы мен Алматы қаласының үлесінде. «Алайда статистика көрсетіп отырғандай, 2023 жылдың соңғы II және III тоқсанында динамика төмендеді (Атырау облысы — 2023 жылдың I, III тоқсаны аралығында 2,3 млрд, 1,2 млрд, 1,9 млрд АҚШ доллары). Сондай-ақ 2022 жылға дейін жаксы динамика көрсеткен Шығыс Қазақстан облы-

басшылығына, қажет болған жағдайда, Президентке есеп берілуі керек. «Әкімдер инвестиция тартудың орнынан ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Ал аймақтарға барып, жұмыс істегісі келетін инвестор көптеген тосқауылға тап болады», — деді Президент.

Ескі әдет демекші, аймақ әкімдерінің инвестормен жұмыс істеу тәртібінде әлі күнге дейін әкімшілік кедергілер кездесіп отыр. Бас прокуратураның мәліметінше, Ақмола облысында испаниялық инвестор 3 жыл бойы жер ала алмаған соң, Қазақстаннан кетпек болған. Прокурорлардың араласуынан кейін барып, 63 млрд теңгенің жобасы жұмысын бастаған. Ведомствоның дерегіне, қазір прокурорлар жалпы құны 7,5 млрд доллар тұратын мыңнан астам жобаны сүйемелдеуде. «Жоба құрамында Жалпыұлттық пулдың 1 011 жобасына кіретін 32 шетелдің және 40-тан астам отандық ірі инвесторлар бар. Барлық инвестициялық жоба зерделеніп, оларға жан-жақты құқықтың баға берілді. 94 ин-

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӨРПІ

— Минералды тыңайтқыш себүді де ғылыми негізі бар қажеттіліктің тым болмағанда жартысына жеткізуге мүмкіндік береді. Бір гектар жерден 10 центнерге жетпейтін өнім алу еліміз үшін мақтанатын көрсеткіш емес. Бұл — Қазақстандағы кәсіпорындарда сапалы тыңайтқыштар өндірілгенімен, агрохимия саласында мүлде жұмыс жасалмайды деген сөз. Мен былтырғы Жолдауымда осы салаға қатысты нақты тапсырма бердім. Үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу туралы міндет қойылды. Бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жасалып жатқан жоқ. Қазір тек шикізат өндірісіне ғана сеніп отыруға болмайды, — деді Президент.

Сондықтан Мемлекет басшысы жана Министрлер кабинетіне ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті мүмкіндік болса, екі есе арттыруға тапсырма берді. Оған бюджеттен ғана емес, басқа қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн.

Әйтпесе, отандық банктер активтерінің жалпы көлемі жана жылдың басында 51,4 триллион теңгеге жетті. Олардың активтері тек бір айда — қаңтарда 2,3 триллион теңгеге артып шыға келді. Бірақ олар ел экономикасын несиелендіруді азайтты. Оның орнына банктер бос қаражатты мемлекеттік облигацияларға салып, валюта биржасында ойнап, тектен-тек табыс тапқанына мәз.

Банкирлер ауылға бет бұрғанша, аграршылар мемлекеттің қолмақорлығында болуы керек. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін мемлекеттік несиесі 1,5 триллион теңгеге дейін арттырылады. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу пысықталып жатыр.

Экономиканың осы базалық саласында өзге де проблема жетіп артылады. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге баса мән беріліп отырған жоқ. Жана Үкімет осы мәселеге айрықша назар аударуы тиіс. Қ.Тоқаев ауыл шаруашылығымен шұғылданмау деушілердің санын мейлінше көбейтуді ұсынды. Дақыл түрін әртараптандырып, егіннің шығымын арттырып жатқан дикандарға жан-жақты қолдау көрсеткен жөн.

Жана реформа аясында ауыл кәсіпкерлеріне түсетін салық ауыртпалығы жеңілдетілмек. Үкімет оларға бірыңғай жер салығын қолдану мәселесін пысықтайды. Бұл қадам шаруаларды жерді тиімді пайдаланып, барынша мол өнім беруге ынталандыруы керек.

Тіпті, ауыл шаруашылығын субсидиялау құзыреті жергілікті әкімдіктердің өклеттігіне табысталуы мүмкін. Дамыған елдерде солай. «Әр әкім субсидияны туған-туысына, дос-танысына бөліп береді» деп Ауыл шаруашылығы министрлігі алдын ала сенімсіздік білдіріп әрі мол



Елаш КАБА (kolunary)

РЕФОРМА АУЫЛҒА ЖЕТУГЕ ТИІС

құзырымен бөліскісі келмей, қасарысып келеді. Жемқорлыққа тосқауыл қою үшін агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне жеңілдетілген несиесі және субсидия беру қызметтерін бірыңғай цифрлық платформаға біріктірген абзат.

АУЫЛ БАҒАЛЫ ӨНІМГЕ БЕТ ҚОЯДЫ

Үкімет Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі жана тұжырымдамасын әзірлеп жатыр. Бұрынғы ұқсас бағдарлама Асқар Мамин Үкіметі тұсында қабылданған екен. Содан бері саланың проблемалары шешілудің орнына қордаланып, оған жаналары жамалды. Бұрынғы тұжырымдамада АӨК-тің 3-4 басты түйткілі ғана көрсетілген. Жана жобада саланың шешілуі тиіс негізгі проблемаларының саны өсті. Оған біріншіден, шикізаттың жеткіліксіздігі, жоғары құны және сапасының төмендігі, екіншіден, негізгі құралдардың моральдық және физикалық тозуының жоғары деңгейі, үшіншіден, өндірілген өнімді өткізу нарықтарының шектелуі жатқызылды. Төртіншіден, негізгі және айналым қаражатын толықтыру үшін жеңілдікті кредиттік ресурстардың болмауы, алтыншыдан, саланы одан ары дамыту үшін субсидиялардың жеткіліксіздігі аталды. Ұзын тізімі ары кете береді.

Ауыл шаруашылығы алдына жана міндет қойылып отыр: бұдан былай Қазақстан астығын, мал етін, тері мен жүнін және басқасын сыртқа шикізат түрінде арзанға сата бермей, оның 70 пайызға дейінгісін өңдеп, қымбатқа өткізуі тиіс. Яғни, шикізаты кетіп, шаңы қалатын ауыл алда бағалы өнімдер шығарып, баюға бет қойғаны дұрыс.

«Осы мақсатта ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуды ынталандыру үшін салық саясаты қайта қаралады. Бастапқы өндірістен анағұрлым жоғары өңделген өнімдерді шығаруға кезең-кезеңімен көшу және агроөнеркәсіп кешеніндегі өңделген өнімнің — сүт, ет, тері, жүн, майлы дақылдар және басқасының үлесін 70%-ға дейін ұлғайту шаралары қабылданады. Өңдеушілерді қолжетімді және сапалы шикізатпен қамту үшін өңдеуге тапсырылған ауыл шаруашылығы өнімдерін субсидиялау жалғастырылады», — деп мәлімет берді Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Жеңілдетілген кредит беру, инвестициялық салымдар кезінде шығындардың бір бөлігін субсидиялау жолымен өңдеу өндірістерін құру және жаңғырту жөніндегі инвестжобалар іске асырылады.

Президенттің тапсырмасымен реформа аясында отандық агрофирмаларды ірілендіру процесі бастау алады. Бұл іске Үкімет өзара тиімді шарттарда трансұлттық корпорацияларды белсенді тартуды жоспарлауда.

— Жалпы, агроөнеркәсіп кешеніне ауқымды реформа жасалуға тиіс. Нақты айтканда, жана технологияларды енгізіп, жерді және басқа ресурстарды ұтымды пайдаланып, жеңілдіктер мен субсидиялардың тиімділігін арттыру қажет. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырады, яғни нақты нәтиже береді, — деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда тағы бір жана қадам жасалады деп күтілуде: жана Үкімет жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңгеден бөліп тұруы тиіс. Осының негізінде шаруалар сатып алған

ауыл шаруашылығы техникасы құнының бір бөлігін инвестициялық субсидиялау бағдарламалары іске қосылмақ. Осылайша, ауыл еңбеккерлерінің заманауи үздік техника сатып алуы ынталандырылады.

Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10%-ы жанарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады. Қазақстанда ауыл шаруашылығы техникасының бірыңғай электрондық паспорты енгізілмек. Осы арқылы бірыңғай интеграцияланған дереккор құрылып, онда ауыл техникасының жай-күйі, сатып алу көлемі, лизинг, пайдаланылуы сияқты процестер есепке алынады.

ӨНІМДІЛІК АГРОТЕХНИКА САПАСЫНА ТӘУЕЛДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, агротехника 76%-дайға өскірген. Технологиялық жаңғыру жылына 4,5 пайызды ғана құрап отыр. Бұл ретте 6-8 пайыздың өзі ең төменгі қарқын саналады. Басқа кесірін айтпағанда, көнерген техника мен жабдықтар пайдалану отынның 20 пайыз артық шығындалуына соқтырады. Ол дизельді арзандату үшін ел қаржысы шығындалады. Яғни, бюджетке де сокқы. Мұның сыртында өскірген техника өнімділікті орта есеппен 14%-ға құлдыратады. Мысалы, ескі-құсқы ауыл шаруашылығы көлігі — картоп жинаушы комбайн жүріп өткен егіс алқаптарын қарапайым күрекпен қопарған ауылдықтар кейде қап-қап өнім жинайды. Демек, сонша өнім қартон астында босқа шіритін еді.

Әзірге, қазақстандық ұлан-байтақ егіс алқаптарында ресейлік және беларустік ауыл шаруашылығы техникасы үс-

ҚАНТ ӨНДІРІСІ ТОҚЫРАП ТҰР

Елімізде қант өндірісі қиын жағдайда тұр. Өйткені қызылша егу өз-өзін ақтамайды, ал ішкі нарықты Ресейдің арзан импорты басып қалғандықтан, жергілікті зауыттар өнімін сатуда қиналып отыр. Шұғыл әрекет етпесек, отандық өнімнен айырылып қалуымыз әбден мүмкін.

Нұрлан ҚОСАЙ

ИМПОРТ – ДЕМПИНГ ПЕН ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ БАСЫ

Еліміздің қант шаруашылығын түбегейлі қолға алу керек. Өйткені тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткен бұл сала ішкі нарықтың жартысын әрең жауып отыр. Мәселен, еліміздің жыл сайынғы қажеттілігі 500 мың тонна десек, оның 150 мың тоннасын өндірістік кәсіпорындар пайдаланады, қалған 350 мың тоннасын тұрғындар тұтынады. Осы көлемнің жартысы — импорт. Айталық, былтыр 290 мың тонна шекер импорттаппыз, оның 200 мың тоннасы, яғни 70%-ы Ресейдікі. Қалғаны Беларусь, Бразилия, Мексика елдерінен. Ішкі нарықты көршінің өнімі басқандықтан, өзіміздің зауыттар 66 мың тоннаға аз өнім өндірген, яки 2022 жылы — 344 мың тонна, 2023 жылы — 278 мың тонна. Бйлайша айтканда, отандық қант өндірісін импорт тұншықтырып тұр.

«Өкініштісі, былтыр біз жоспарды орындай алмадық. Меже — 400 мың тонна өндіру, оның 70 мың тоннасы қант қызылшасынан болуы керек еді. Бірақ 278 мың тоннаның 40 мың тоннасы ғана өз өнімімізден болды. Өнім азайып кеткені азай, бағасы былтырғыдан 90 теңгеге арзан боп қалды. Өйткені қоймада қоятын орын жоқ, тездетіп өткізу керек. Ал нарықтағы бағаны көршіміздің арзан қанты түсіріп тастаған. Бұл жағдайдан шығу үшін «сұр импорттың» ағынын тоқтатқан жөн. Мемлекеттік органдардан автомобиль көлігімен қант әкелуге тыйым салуды бірнеше рет сұрағанымызбен, нәтиже болмай тұр», — дейді Қазақстанның қант, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қауымдастығы президенті Айжан Наурызғалиева.

Ресейлік Sugar.ru сайтының мәліметінше, еліміздің қант зауыттарында бүгінде



қызметіне араласпай отыр. Тіпті, «олар монополистер тізілімінде жоқ» деген уәж келтіреді, — дейді «Қазақстан фермерлері қауымдастығы» филиалының Жетісу облысы бойынша төрағасы Асқар Шарипов.

Оның айтуынша, жергілікті шаруалар күні бүгінге дейін қант зауыттарының нақты қожайыны кім екенін білмейді. Сондықтан да зауыттар мемлекетке тиесілі болуы керек деп санайды. Осындағы ахуалды баяндап олар тіпті Президентке де ашықхат та жазған екен. Өйткені 2005 жылы жеке-шеленіп кеткен бұл зауыттар «Орталық Азия қант корпорациясы» ЖШС-на (ЦАСК) тиесілі. Аталған корпорацияға еліміздегі «Кант» АҚ, «Алматинский Сахар» АҚ, «Алматы қанты» АҚ, «Азия Кант» АҚ және «Көксу-Шекер» АҚ сынды барлық маңызды қант активтері топтастырылған. Осы бір қолға шоғырландыру кезінде еліміздегі Алакөл, Бұрұндай, Қарабұлақ және Шу сынды төрт ірі қант зауыты жауып тасталған. Мәселен, Қарабұлақ қант зауыты 2007 жылға дейін республиканың 70%-ға дейінгі сұранысын өтейтін, яғни тәулігіне 900 тоннаға дейін қант шығаратын ірі өндіріс орны болған. Ал қазір сондай зауыт салу үшін 350-400 млн еуро қажет.

ҚЫЗЫЛШАДАН БАСҚА ДА ШИКІЗАТ БАР

Мәселе өткір тұрған тұста оны шешудің түрлі жолы ұсынылуда. Соның бірі — өзгедей де шикізат түрлерінен қант өндірісін дамыту идеясы. Ондай ойды айтып отырған, басқа емес, Сенат депутаты екені саладағы ахуалдың тым күрделілігінен хабар берсе керек.

тем. Отандық нарыққа арзанқол Қытай ауыл шаруашылығы техникасы да белсенді еніп жатыр.

Мемлекет басшысының өзі «жана технологияларды енгізу қажет» деп нықтады. Алайда бұл тұрғыда шенеуніктер арасында ортақ ұстаным байқалмайды. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Ілияс Сәлімов аграршылардың арзан техниканы қоллайы көретінін жеткізді.

«Мынаған назар аударма кеткім келеді. Көпшілік: «ауылға жана, суперқуатты техника керек» дегенді айтады. Бірақ маған сенсенділер, олай емес. Фермерлермен сөйлестім, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 90 пайызы ол деңгейден әлі алыс жатыр, оларға жұмыс істеу үшін қолданыста қарапайым, түсінікті, қолжетімді, ең арзан техника керек», — деді вице-министр.

Бірақ бұл байламды Астық одағының сарапшысы Тілек Бекбасаров құптамады. Оның айтуынша, ауыл шаруашылығының өнімділігін тек заманауи техникамен арттыруға болады. Өйткені ресейлік және беларустік техникада қазіргі заманғы технологиялар қолданылмайды. Мәселен, John Deere 8R және басқа да тракторлар, комбайндар пилотсыз басқарылады, жүргізуші жалдау шығынынан құтқарады. Оларда тіпті компьютер арқылы соқасын қанша тереңдікке салуды сантиметріне дейін белгілеуге, өнім жинаудың өзге параметрлерін бекітуге болады. РФ пен Беларусь техникасында мұның бірі жоқ.

«Біраз астықты облыстарда егістіктердің 80 пайыздайы ірі шаруашылықтар иелігінде. Айталық, СҚО-да 4,5 миллион гектар жер бар, ал тұрғындарының саны 530 мың ғана. Халық аз, жұмысшы тапшы, алқаптар ұлан-ғайыр. Сол себепті бізге барынша кен құлашты, неғұрлым өнімді, ірі техникалар қажет. Аграршылар амалсыздан ресейлік және беларустік техниканы жаппай қолданады, әйткенмен, олар біздің жағдайға көп жарамайды», — деп түсіндірді сарапшы.

Агрофирмаларға ақпараттандыру, роботтандыру дәрежесі жоғары шетелдік озық техникаларды өндіруге көмектесу қажет. Олардың бағасы біршама қымбат: мемлекет субсидиялама, ауыл кәсіпкерінің қалтасы көтере бермейді.

Айтпақшы, депутаттармен кездесуде белгілі аграршы, «Шанс» шаруа қожалығының басшысы Игорь Жабяк ресейлік өндірушілердің өз техникасын Қазақстанға күштеп танатынына шағымданды. Еуразиялық одақ аясында бағыстық техниканы әкелуге көптеген шектеу қойылған. Утилизациялық алым енгізілді, баж, және өзге салығы да артты. Соған қарамастан И.Жабяқтың пікірінше, өнімділігі жөнінен бір John Deere ресейлік 3-4 комбайнды алмастыра алады.

Қорыта айтканда, жана Үкімет ішкі нарығымызға дамыған елдердің тиімділігі жоғары техникасының еркін енуіне жол ашқаны маңызды. Сондай-ақ баж, қосылған құн салығын, утилизационды жойса, осының өзі құны 1 миллион долларға дейін баратын шетелдік сапалы техниканы 100-150 мың долларға арзандатар еді.

қалуы мүмкін екенін айтып жиі шағымданады. Себебі сірненің сапасы жария еткендей көрсеткіштерге сәйкес келмейді немесе өндіруші қажетті көлеммен қамтамасыз ете алмай отыр. Оның үстіне, жүгері мен бидайдан глюкозалық-фруктоза шәрбатын ғана алуға болады, оны кристалды түрге айналдыру мүмкін емес», — дейді Айжан Наурызғалиева.

Қорыта келгенде, қант өндірісі саласын көлденең пайда қуғандарды қиліктірімей түбегейлі қолға алатын уақыт келді. Қазір қант саласын дамытудың Кешенді жоспары мемлекеттік органдардың мақұлдауында жатыр. Соны асықтыру қажет. 2028 жылға дейін ұзартылады деген жоспарда осы айтылғандар сияқты көптеген жайт ескерілуге тиіс. Бірінші кезекте импортқа тыйым салынса, екінші мәселе — монополизация. Бүгінде отандық шикізаттан дайындалған қанттың үлесі нарықта небәрі 7%-ды құрап отыр. 2022 жылғы өлшемен аласақ, бұл — 35,7 мың ғана тонна. Ендеше ғылыми негізде есебін шығарып, зауыттардың қант қызылшасын сатып алу бағасын көтеру қажет. Сырттан келетін қант шикізатына баж салығын енгізу керек. ЕАЭО-ның Индикативті балансына сәйкес, РФ-дан Қазақстанға 250 мың тоннадан артық қант импортталмауға тиіс. Бірақ құжатында қырғыз еліне деп тиелген бұл өнім жалған транзит жолымен еліміздің базарларында қалып қойып жатыр. Осы ретте контрабандамен күресті күшейткен ләзім. Жанадан қант зауыттарын салу керек. Мәселен, ресейліктер Павлодардың Ақсу қаласында индустриалды аймақта жылына 96 мың тонна қант шығаратын зауыт салуға мүдделі. Жоба құны — шамамен 1,48 миллиард доллар. Егер сәтті іске асар болса, 400-ден астам жұмыс орны ашылып қалуы мүмкін. Десе де, бұл — 2025 жылдың еңісіндегі дүниелер. Ал мамандар жағдайға тездетіп мемлекет араласпаса, биыл көктемде еліміздегі 4 зауыт та толықтай жабылып қалуы мүмкін деп дабыл қағуда. Ел бюджеті бұдан екі есе ұтылмақ. Біріншіден, контрабандалық импорттан ел қазынасына салық түспейді, екіншіден, зауыттар жабылса да бюджет кірістен қағылмақ. Тұралап тұрған салаға инвестор келмейді, ӘКК заңдары мен несиелерін қайтары қындап кетпек. Жұмысшылары жұмыссыз қалып, сол өңірлерде әлеуметтік ахуал күрделене түсуі мүмкін. Қант жеткізу тоқтап, кәсіпорының тұрақты циклі де үзілмек. Бәрін айт та бірін айт, қазіргі Үкіметтің көнілінен шығып отырған арзан қант көзден бұдыл ұшуы мүмкін. Ал қымбат қанттың әлеуметтік дәмі ашы болады.



АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ РОМАН

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада жас жазушы Әлихан Жақсылықтың «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» атты кітабының таныстырылымы өтті. Жаңа кітаптың таныстырылымына астаналық оқырмандармен қатар, әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы, жазушы Жадыра Шамұратова, мәдениеттанушы Серік Ерғали сынды аға буын өкілдері қатысты.



Кітаптың жарыққа шыққанына аз уақыт болса да еліміздің бірнеше өңірінде таныстырылымы өтіп, оқырман қауымнан жақсы бағасын да алып үлгерді.

«Кітаптың таныстырылымы Алматы, Қонаев, Талдықорған, Ақтөбе қалаларында өткен болатын, енді Астанаға келдік. Кей жерлерде менің 60-70 жылдығым секілді шапан жауып, картинамды салып сыйлап жатты. Кітап туралы әртүрлі пікірлер айтылып жатыр. Бірақ сын жоқ. Ал келесі кітаптарда бүгінгі қателігімді қайталамау үшін сын маған ауадай керек. Қазір «Африкадан Аляскаға дейін» деген роман жазып жатырмын. Осы күзге дейін аяқтап, сол кітаптың таныстырылымын жасауға алдарыңызға тағы келемін деп ойлаймын. Сосын 30 жасыма дейін 10 роман жазамын деп бекініп отырмын. Жылына осылай екі романнан жазып тұрсам бес жылда орындаймын ғой. Кеше «Әдебиет» порталына сұхбат бердім. Жадыра Шамұратова апайым екеуміз ашық әңгімелестік. Ағаларымды да, өзімді де аяғаным жоқ. Егер өзімді аяған болсам ағаларымды мақтаған болар едім. Ал бүгінгі қолдарыңызда отырған «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» — адам құқығы жөніндегі роман. Бізде сүрінген адамға қол ұшын созатын кісі жоқ. Керісінше батпаққа итере түседі», — дейді жас жазушы.

Ол шығармаларын әуелі қағазға түсіріп алып, сосын компьютерге теретінін, әйтпесе, ойы шашырап кететінін айтады. Кеште белгілі әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы Әлиханның шығармашылығы, жалпы қазіргі әдебиет туралы тұшымды әңгіме айтты.

«Бізге күрделі шығарма жазған қаламгерді аса қабылдамайды. Оқырманды тәрбиелеу үшін жазушы да өсуі керек. Ендігі жерде әдебиет күрделене түседі. Бізде қазір машық пен суреткерлікті ажырата білетін жастар өсіп келе жатыр. Жазушы үнемі ізденісте болуы керек. Әлихан да сол ізденіс бар. Әлихан Жақсылықтың «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» туындысын бір демде оқып шықтым. Әрине, шығарманың әлі де жетілдіре түсетін тұстары, бір қайнауы әлі жетпей тұрған жерлері баршылық. Соған қарамастан автордың ізденісі, бүгінгі күннің шындығын беру үшін тыннан түрен салуға ұмтылған талпынысы маған ұнады. Тыным таппай еңбектене берсе келешекте Әлиханның ірі суреткер бола алатын мүмкіндігі бар. Олай дейтін себебім, кейде құрғақ баяндауға бой алдырып алғанымен, шы-

ғарма суреткерлік шеберлікпен жазылған. «Қара жаңбыр жауып, көшелерге көктен қалың су бүркіп, үй маңы да дым тартып тұрған күнгірт күз еді. Аулақта түнжыраған бақ тағы үнсіз. Меніреу қалпында қарсы алып, шығарып салуға да жарамай, жабырқағаны ма, әлде жатырқағаны ма, үнжырғасы түсіп, ұзақтан да ұзақ мелшиеді ұдайы» (12-бет). «Аптаның басында бас-талған жауын бір тынбастан қара жерге қарызын аспаннан еселеп қайтарып жатқандай жауды. Жауынға жел қосылып, нөсер шатырды сокқылап, майысқан құба талдар иіле келіп, терезелерді сабаалаумен болды. Әдетте бұндай жаңбырлы күндері терезе алдынан бұртиған баланың ұртындай томпақ тамшылар сырғанап, көше шамдарының жадау жарығымен-ақ айналымға тап қазір түскен тындардай жылтырап, әжептәуір әсерлі көрініс беретін. Бұл жолы жауын суы өйнектен төгіле сырғып, тынбай ақтарылды» (30-бет). Айналадағы өмірді көз алдына елестететін мұндай сәтті шыққан суреттер шығарманың ажарын арайландыра түскен», — деді Амангелді Кеңшілікұлы.

Сыншының айтуынша, Әлихан шығармашылығына Кафка туындылары қатты әсер еткен. Ақыла қонбайтын абсурдтық дүниелерді өмірдегі шын болып жатқан оқиғадар сияқты білу — жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді.

«Әлиханның жеңіл емес, өнердегі осындай ауыр жолды тандағаны мені қатты қуантты. «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» — мүлде басқаша жазылған, формасы өзгеше, жаңалығы бар туынды. Мен бұл туындыны оқи отырып, бүгінгі күннің шындығын айнадан көргендей әсер алдым», — деді сыншы Амангелді Кеңшілікұлы.

«Романды оқып жатырмын. Әдетте көп дүниені бастағанда-ақ аяғы менен бітетінін сезіп отырасын. Ал мұнда сен мүлде күтпеген қайырымдар шыға келеді. Тосын», — деді кітапхана директоры Ғазиза Құдайберген.

Кітап Алматыдағы «Ар» баспасынан шыққан. Алғашқы сөзін белгілі жазушы Думан Рамазан жазған.

Кеш соңында жас жазушы Әлихан: «Президент: «Бір кітабыңды маған бересің» деп еді, бұл кітап қалайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолына жетуі керек. Егер жетсе, ол кісі міндетті түрде оқиды. Сондықтан осы кітапты мүмкіндігінше насихаттап, тара-тып, айтып жүріңіздер. Әлі де кітаптың насихаты аз болып жатыр», — деген өтінішін жеткізді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ГОБОЙШЫ ҚЫЗЫ

Тек бір салада емес, басқа қырымен де жұрттың жадында мәңгілік жарқырап тұратын қазақтың біртуар перзенттері аз емес. Саналы ғұмырын өнерге арнаған тұңғыш қазақтың гобойшы қызы туралы естуіңіз бар ма? Қымбат Сағынқызы – тұңғыш гобойшы қыз ғана емес, қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы радио режиссерлердің бірі. Мұндай деректерді бірі білсе, бірі білмес, сондықтан өмірі өнегеге, тағдыры тағылымдық тәрбиеге толы қазақ қызының тұлғалық келбетін, адами болмысы мен ел-жұртпен қарым-қатынасындағы үлгі етер тұстарын тілге тиек еткен замандастарының бізге айтып берген ыстық естеліктерін оқырман назарына ұсынбақпыз.

Гобой аспабын меңгерген тұңғыш қазақ қызы туралы естеліктерді бастамас бұрын, алдымен бұл аспаптың сипатына тоқталуды жөн көрдік. Ол— қазақ халық аспаптарына ұқсас келетін үрмелі аспап. Гобой аспабын үйрететін сыныптар 1934 жылдан бастап ашыла бастады десек, оны бітіріп шыққан алғашқы түлектер қатарында Нұрғалиев, К.Сағынова, Т.Тікішев, А.Кармысов сияқты өнер адамдары бар. Осы түлектердің ішінде құлақ құрышын қандыратын әуезді әуенте ие аспапты үйренген жалғыз қыз — Қымбат Сағынова болған. Бірақ Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның түлегі Қымбат Сағынқызы саналы бар ғұмырын Қазақ радиосында музыкалық редакцияның режиссері қызметіне арнаған еді. Айта кетейік, биыл қазақтың тұңғыш гобойшы қызының туғанына 90 жыл толып отыр.

Бүгінде Қымбат апамыздың жолын қуған қыздарымыздың қарасы көбейіп келе жатқаны көңіл қуантады. Қазір өнерімен еліне танылып үлгерген Құралай Мәлімбаева, Гүлжан Мадамар, Айгүл Қайыржанқызы секілді гобойшы қыздарымыз аспаптың қыр-сырын жетік меңгеріп, симфониялық оркестр мен камералық музыкаға сай үйлестіріп, қолданып жүр. Ендеше апамыздың екінші өмірі жалғасуда деуге де болады.

БҮКІЛ ӨМІРІН РАДИОҒА АРНАДЫ
Қымбат Сағынқызы 1934 жылы Орал облысында дүниеге келген. Замандастарының айтуынша, мектептен қайтып бара жатқан өнерпаз көше бойында менмұндайп тұрған музыкалық мектепті көзі шалып, сонда оқуға қатты құмартқан екен. Содан бастап музыкалық мансабының алғашқы кезеңі басталады. 1953 жылы Алматыға барып, консерваторияға, белгілі Добровольский сыныбына оқуға түседі. Оқуды бітірген соң Қымбат Сағынқызы да оркестрде ойнауы керек еді, бірақ консерватория ректоры Ахмет Жұбанов оның кішкентай қызының болуына байланысты гастрольдік өмірден бас тартуына ықпал етеді. 1960 жылы Қымбат Сағынқызы Қазгостелерадиоға шақырылып, ол жерде дыбыс инженері, содан кейін режиссер болып жұмысын жалғастырған. Радиода жұмыс істеген жылдары — оның ең бақытты сәттерінің бірі еді. Ол өзінің сүйікті М.Магомаев, И.Кобзон, М.Шаханов, О.Сүлейменов сынды кайраткерлердің басын қосып, мәтінге музыка қойып, әртүрлі бағдарлама дайындап жазып алған. Мұндай адамдармен қарым-қатынас оның өміріне оң өзгерістер алып келгені рас.

«Әжеміз бүкіл өмірін радиода жұмыс істеуге арнады. Музыкалық білімі қай жерде жүрсе де әсерін бермей қоймады. Мысалы, 1960 жылдары алғашқы фортепианоны сатып алуы отбасымыздағы музыка өнерінің жаңа бастамасы болды. Үйімізде фортепиано қазір де тұр, оны көрген сайын әжемізді еске аламыз», — дейді немерелері.

Жұбай ОРЫНАЙ, филология ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қауымдастырылған профессоры:

«КІТАП СҰРАМАУЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМІН» ДЕП ЖАЗЫП ҚОЯТЫН
Қымбат апайымызды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шора Сарыбаев ағамыздың жары ретінде білеміз. Өзім А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында жұмыс істеп жүрген кезім еді. Сол кезде Шора ағаймен бірге орысша-қазақша сөздікке қатыстық. Бірте-бірте Қымбат Сағынқызымен де таныстығымыз арта түскен. Қымбат апай академик Рабиға Сыздықованың үйіне көп баратын, түрлі шарада бірге жүретін болған. Өзі мейірімді, үнемі күліп жүретін кісі. Үйінің есігін жиі қағатынмын, бір барғанында кіреберістегі «Кітап сұрамауыңызды өтінемін» деген жазуды көрдім. Оған күліп те алдық. Бұл — кітапты күтіп ұстаудың, мұқияттылықтың көрінісі ғой. Әр кітаптың өз орны болатын. Шора ағай мен Қымбат апай қалжыңдары жарасқан жұп еді. Бірде Шора ағай дәрігерге көрініп, үйге келгенде «Маған диагноз қойды. Дәрігер сіздің бәйбішеніздің шашынан аллергияңыз бар екен деді» деп күліп те, күлдіріп те алатын.



Қымбат апайдың опера театры оркестрінде бірнеше жыл қызмет еткенін де есіттік. Оның мықты музыкант болғанын Рабиға апай үнемі айтып, мақтап отыратын. Сонымен қатар Қымбат апайдың музыкада не болмаса радиода қызметінен бөлек, жарының ғылыммен айналысуына, қазақ тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосуына елеулі еңбегі сіңді. Шора Сарыбаев тіл білімінің күрделі кезеңінде ден қойды. Диалектологиялық экспедициямен қысы-жазы материал жинап, сөздіктерін шығарды. Дәл осы тұста қағазбен жұмыс істеу кезінде Қымбат апайдың үлесі орасан зор болғанын жасыра алмаймыз. Себебі Шора ағайдың денсаулығы сыр беріп жүрген кезі еді, көзі де нашар көріп, аяғын сылттып басатын.

Ал олардың отбасында музыкаға тек Қымбат апай ғана емес, оның Аманғали есімді інісі де жақын болды. Ол — аудармашы, «Тал тұс», «Айдын шалқар»,

осы операда бірнеше жыл жұмыс істеді. Бұны Шора ағайдың асыл жарына, қазақ өнеріне көрсеткен құрметі деп білеміз. Өздері де опера театрын әрдайым айтып жүретін. Бүгінде олардың артында қалған ұл-қыздарымен де сыйластығымыз ерекше. Шора ағайымызды, Қымбат Сағынқызын сағынышпен еске аламыз, олардағы бар мейірімді қазіргі адамдардың бойынан іздейміз. Олардың әр ісі бізге үлгі болып қалмақ.

Раушан АЙТЖАНОВА, Қазақ радиосының ардагері:

ТЫҢДАҒАНЫ — ӘСЕМ ӘУЕН, ОҚЫҒАНЫ — ПОЭЗИЯ

Қымбат Сағынова — Қазақ радиосының ардагері, ең алғашқы кәсіби музыканттардың бірі болды. Оралдың музыкалық мектебінен білім алып, Алматыдағы консерваторияны Роза Жұманова, Темір Тікішевтермен бірге аяқтады. Алматыдағы консерваторияға түскенінде қазақ қыздарының ішінде ең алғашқылардың бірі болып гобой аспабын меңгеріп шықты. Бірақ ол өз мамандығы бойынша жұмыс істеген жоқ. Аз уақыт симфониялық оркестрде ойнады да, отбасы жағдайына байланысты іссапарға шықпайтын жұмыстарға кірісті. Содан бастап Қазақ радиосында ұзақ жылдар бойы режиссер қызметін атқарып, осы жерден демалысқа шықты. Қымбат Сағынова жолдасымен екі қыз, бір ұл тәрбиеледі. Одан басқа академик Шора Сарыбаевтың шәкірттерін де тәрбиеледі. Соларға ақылын айтып, шәйін беріп, жарымен бірге талай маманның аяққа тұруына, алған тақырыптарын қорғауына да жақсылық жасаған адам. Ол өте кішіпесейіл адам болды. Кішіге — қамқор, ұл-

“

Алматыдағы консерваторияға түскенінде қазақ қыздарының ішінде ең алғашқылардың бірі болып гобой аспабын меңгеріп шықты.



«Құтты мекен» және тағы басқа еңбегі бар. Әсіресе, екі томнан тұратын «Ски-фиада» деген үлкен жыр жинағын атап өтуге болады. Қымбат Сағынқызы інісінің жазушылық қабілетінің қалыптасуына көп ықпал етті. Аманғали Сағынұлы бір естелігінде әпкесінің шаңырағында кайраткерлермен, өнер, мәдениет өкілдерімен танысып, сұхбаттасқанның жазыпты.

Шора ағай да, Қымбат апай да өте қарапайым кісілер еді, өздерінің мерейтойларын атап өтпейтін. Бір жиында кішкентай балаларды қасына шақырып алды да, қазақша ән орындатты. Олар кейінгі ұрпақтың қазақша сөйлеуіне ерекше ден қойды. Немерелерінің бәрін қазақ тілінде сөйлетіп, жүрген жерінде қазақтың ізеттілігін көрсетіп жүрді. Біз соған қызығатын едік. Тағы бір есте қалған жайттың бірі, аңқылдаған ақкөңіл жандар еді дедім ғой, мерейтойларда қонақтарды әрдайым Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрына шақыратын. Көбіне, Біржан — Сара операсына өзі билет алып, жастарға, студенттерге тегін үлестіретін еді. Шынымды айтсам, өзім бірнеше рет бардым. Осы уақыттардың өзінде Қымбат апай

кенте — көмекші еді, өзінің де ата-енесі болған, олардың да көңілін тауып жүрген жайдарлы кісі болды. Түрі де, жаны да, сөзі де көркем, мінезі тамаша адам еді. Жетпістің алтауына қараған шағында келмestің кемесімен жүріп кетті. Балаларына өте жақсы тәрбие берді. Әрдайым көп оқитын, көп ізденетін, музыка тыңдаудан жалықпайтын адам еді. Біз бос уақытымызда ылғи опера театрының, филармонияның концерттерін жібермей, соларды тындап жүретінбіз. Сондықтан өмірінің соңына дейін тыңдағаны — әсем әуен, оқығаны — поэзия болды.

Мен Қазақ радиосына алғаш келгенде теңдесі жоқ төрт әйел бар екен, төртеуі де режиссерлер тобында жұмыс істеді. Олар Шәмшия Тайырова, Бибінуір Қайрақбаева, Еркін Айтжанова және Қымбат Сағынова. Барлығы қазақтың атақты азаматтарының, зиялы қауым өкілдерінің бәйбішесі еді. Бірақ Қымбат Сағынқызы қарапайым жан болды, жолдасы Шора Сарыбаев қалжыңдарына күліп, мәз болып отыратын. Өмірде өзінің мақсатына жетіп, өз ортасында абыройлы болып, адал дос, жақсы маман болды деп айта аламын.

СҮЙІНШІЛЕГЕН БАСТАМА САҒЫМҒА АЙНАЛДЫ

Бүгінде денсаулық саласындағы өзекті мәселенің бірі – кадр тапшылығы. Бұл бағытта жылда түрлі жоба жанданып, мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқанымен, әлі де «бауын тапса, байлауын таппаған» тірлік көп. Мәселен, бүгінде бір ғана Жамбыл облысында 80 дәрігер тапшы. Оның 32-і қала бойынша болса, ауылдарға 48 дәрігер ауадай қажет.

Жамбыл облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жанар Оспанованың айтуынша, өңірде дәрігер тапшылығы 2022 жылмен салыстырғанда 1,3 есеге төмендепті.

— Тапшы дәрігерлердің басым бөлігі — терапевт. Бұдан бөлек, практикалық дәрігер, акушер-гинеколог, аллерголог, иммунолог, анестезиолог-реанимтолог, гастроэнтеролог, гематолог, дерматовенеролог, балалар хирургі, инфекционист, кардиолог, клинфармаколог, невролог, неонатолог, хирург, онколог, онколог-радиациялық, оториноларинголог, офтальмолог, психиатр, радиолог, травматолог-ортопед, уролог, фтизиатр, провизор және эпидемиолог жетіспейді. Олқылықтын орнын толтыру үшін жергілікті бюджет есебінен 98 резидент оқуға тапсырды. Нәтижесінде, 2022 жылы 16 дәрігер, 2023 жылы 19 дәрігер өңірге жұмысқа келді. Қазір 56 дәрігер резидентурада оқуда. Резидентураны тәмам-



Ербекжан ДҮЙСЕБАЙДЫ (қолдау)

даған соң 2024 жылға 30 дәрігер, 2025 жылға 16 дәрігер, 2026 жылға 10 дәрігердің облысқа жұмысқа орналасуы күтілуде, — дейді Жанар Мыктыбекқызы.

Сонымен қатар елді мекендерге келген жас мамандарға жергілікті бюджет есебінен 800 мың теңге көлемінде ақшалай көтерме акы берілген. Биыл «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы аясында 204 маманға 1 миллиард теңге қаралып, тұрғын үймен қамту үшін жұмыстар жүргізілуде.

Әрине, бұл қуанарлық жағдай. Алайда басқарма басшысы айтқандай, жылда өңірге 20-ға жуық дәрігер келіп жатса, сұраныстағы 80 дәрігердің орнын қалай



Ал «енді білікті дәрігерлерді облыста-ақ дайындаймыз», «медицина маманы атану үшін Алматы асудың қажеті жоқ» деген уәделер сылдыр суға, одан әрі бұға айналыпты. Сол кездегі облыс басшыларын шақырып тұрып сүйіншілеген бастаманың бұлайша өмірі қысқа болғаны өкінішті.

толтыра алмай жатырмыз? Алайда олар қажетті бағытта білім алмай, әлде қолдауы болмай «дәрігер» деген дипломымен далала қалып кетіп жатырма? Осылайша, жылда бітіріп жатқан жастарымыз

статистикадағы сан ғана болып тұр ма?

«Дипломмен — ауылға!» бағдарламасының жанданғанына да 15 жылға жуықтады. Осы аралықта ауылға қажетті 48 дәрігердің орны толмағаны таңғалдырады. 15 жылда елді мекендерге 50 дәрігер келмегенде, бір жыл ішінде 204 медицина маманы ауылға ағылады дегенге де сену қиын. Демек, мұнда да «сұлу» статистика сөйлеп, ақиқаттан ауылы алыс болып тұр.

Осындай сәтте 2020 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінің базасынан ашылған С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің филиалы қайда кетті деген орынды сұрақ туады. Жамбыл облысы әкімдігі мен оқу ордасы арасында жасалған меморандум талай медицина маманын түлетуге түрткі



профессорлары дәріс береді деп төбеміз көкке жеткендей болған еді. Алайда арада төрт жыл уақыт өтсе де аталған филиалдан түлеп ұшқан түлек көрмедік. Тіпті, бұл туралы билік өкілдері жақ ашудан қалған. Сондықтан Жамбыл жоғары медициналық колледжіне хабарласып, мән-жайды өзіміз білдік. Сөйтсек, мұнда С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің филиалы мүлде ашылмаған да екен.

— Негізі, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің филиалы бізде ашылған жоқ. Тек біздің колледжді университетке сенімгерлік басқаруға берді. Сондықтан бізде жоғары білімді дәрігерлер келіп оқыған жоқ. Ал 2023 жылы Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылығы ауысты да, келісімшарт күшін жойды. Осылайша, орта буынды мейірбикелеріміз біліктілігін арттырғаны болмаса, бұл сенімгерлік басқарудан ұтқан үлкен ұпайымыз жоқ, — дейді Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Жәмила Сарыбекова.

Иә, осылайша 2020 жылы өңірді шулатқан жобаның шаңы шықпай жатып басылған екен. Ал «енді білікті дәрігерлерді облыста-ақ дайындаймыз», «медицина маманы атану үшін Алматы асудың қажеті жоқ» деген уәделер сылдыр суға, одан әрі бұға айналыпты. Сол кездегі облыс басшыларын шақырып тұрып сүйіншілеген бастаманың бұлайша өмірі қысқа болғаны өкінішті. Ал Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылығы ауысқаннан кейін ондағылармен қайта байланыс орнатпау таппынбаған бүгінгі биліктің де әрекеті түсініксіз. Мұндай көзқараспен өңірдегі медицина мамандары тапшылығын жоя алмайтынымыз анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ЖЫЛЫЖАЙ ЖЫРЫ БІТЕР МЕ?



Сыр өңірінде жылыжай жыры таусылар емес. Бұл жоба 12 жылдан бері сағызша созылып келеді. Ал оған бөлінген қыруар қаржының бүгін-ертең қайтарымы болар түрі көрінбей тұр.

Жалпы, бұл бастама ең алғаш 2012 жылы қолға алынған болатын. Сол кезде осы жоба аясында халықты арзан бағада көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету көзделген еді. Алайда көпке арман болған көкөніс егу жұмысы іс жүзінде өз нәтижесін көрсеткен жоқ.

Мәліметке сәйкес, сол уақытта 120 жылыжайды салуға 700 млн теңгеге жуық қаражат жұмсалыпты. Бұл қаржыға халықты арзан көкөніске қарық қылады делінген жылыжайлардың қанқасы тұрғызылған. Бірақ жоспарлы жұмыстар өз деңгейінде жүзеге аспай, жылыжай нысаны қараусыз күйде қалып кеткен. Бүгінде жылдап көңіл бөлінбеген жылыжай кешенінің күйі қашқан. Нысанның жабындылары сынған, жылу батареялары да тот басып, жарамсыз күйге түскен.

Жергілікті жұртшылықтың айтуынша, осыдан 12 жыл бұрын көпшілікті қуанышқа бөлеген жылыжай осы күні жетімнің күйін кешіп тұр. Арзан көкөніспен жарылқайды деген бірегей жоба аяқсыз қалып, халыққа бірде-бір өнім бұйырмаған. Тұрғылықты халық «қыруар қаржы желге ұшқаны ма?» деп налиды.

Осы орайда аталмыш жобаға бастамашыл болған «Аграрлық несие корпорациясының» Қызылорда облыстық филиалы да қордаланған мәселені жокқа шығармайды. Жылыжай жұмысының жүйеленбеуінің өзіндік себебі бар екенін алға тартады.

«Бұл жоба 2012 жылы Қызылорда қаласы тұрғындарын қолжетімді бағада көкөніспен қамтамасыз ету мақсатында қолға алынды. Соған орай сол кездегі «Ауыл



шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ тарапынан 120 шағын-жылыжай комплексін салуға 660 млн теңгеге жуық қаражат жұмсалды. Соның негізінде жылыжайларды салуға өтініш танытқан кәсіпкерлерге лизингке беруге шешім қабылданған. Алайда сол уақыттағы тандалған кәсіпкерлер лизинг шартына сәйкес міндеттемелерді орындамауына байланысты лизинг шарты бұзылды. Ал 2015 жылы шағын жылыжай кешенін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қабылдау-тапсыру актісі бойынша қайта қабылдады. Соған сәйкес, шағын жылыжайлар бойынша

ағылшын және голланд әдістерімен сатып алу рәсімі өткізілгенімен, оған қатысуға қызығушылық танытқан кәсіпкерлердің болмауына байланысты сатып алу рәсімі жүргізілмеді. Бертін келе 2017 жылы 70 шағын жылыжайды, ал 2021 жылы 50 шағын жылыжайды іске қосу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жаңа тапсырыс берген кәсіпкерлерге

ағылшын және голланд әдістерімен сатып алу рәсімі өткізілгенімен, оған қатысуға қызығушылық танытқан кәсіпкерлердің болмауына байланысты сатып алу рәсімі жүргізілмеді. Бертін келе 2017 жылы 70 шағын жылыжайды, ал 2021 жылы 50 шағын жылыжайды іске қосу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жаңа тапсырыс берген кәсіпкерлерге ағылшын және голланд әдістерімен сатып алу рәсімі өткізілгенімен, оған қатысуға қызығушылық танытқан кәсіпкерлердің болмауына байланысты сатып алу рәсімі жүргізілмеді. Бертін келе 2017 жылы 70 шағын жылыжайды, ал 2021 жылы 50 шағын жылыжайды іске қосу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жаңа тапсырыс берген кәсіпкерлерге

лизингке берілді. Алайда қазір жана лизинг шартымен алған кәсіпкерлер шарт бойынша қарастырылған төлемдерді өтей алмауына байланысты сотқа талап-арыз жіберу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Лизингтік шарт бойынша жылыжайларға лизингке алған кәсіпкерлер жауапты болып келеді», — деп түсіндірді филиал басшысының орынбасары Нұрмәди Әлібаев.

Жалпы, бір кездері жарнамасы жер жарған жылыжай жобасына тұрғылықты халық зор үмітпен қарағаны жасырын емес. Себебі осы арқылы қала тұрғындарының 65 пайызын арзан көкөніс өнім-

дерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік артады деп сендірді. Бұл жайында сол уақытта облыс әкімдігінде өткен Қызылорда қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңейтілген мәжілісте қала әкімдігінің мәлімдегені ел есінде болар.

Сол кездегі мәліметке сәйкес, арзан көкөніспен қамтамасыз етуге негізделген жылыжай жобасы толық іске қосылса, жылына 500 тоннадай өнім жиналады деп жоспарланған. Осы арқылы аймақ жұртшылығының қыс мезгілінде арзан көкөніске деген қажеттілігін толық өтейтіні де айтылды.

Содан бері талай жыл тек тұрумен тозып жатқан жылыжай жұмысы жанданса деген көптің тілегі бар. Өз кезегінде «Аграрлық несие корпорациясынан» жылыжай жобасының келешегі төңірегінде де сұрап көрдік.

«Шағын жылыжайды қайта іске қосу үшін қанша қаражат қажет болатынын есептеу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жылыжай кешеніне техникалық зерттеу материалын дайындаған. Нәтижесінде, оны қайтадан іске қосу үшін қомақты қаражат қажет екені нақтыланды. Сол себептен қазір жылыжайларды қайта іске қосу мәселесі қаралып жатқан жоқ. Бұған дейін екі жылыжай бойынша инвесторлар мен клиенттерді іздестіру жұмыстары жүргізілгенін айта кеткен абзал. Сонымен қатар облыс әкімдігіне, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына, Ауыл шаруашылығы басқармасы секілді бірқатар жауапты орынға хат жолданды. Бірақ жылыжайларды іске қосып, өз бизнесін жүзеге асырғысы келетін кәсіпкерлер бой көрсетпей отыр. Нақты уақытта соттың қарауында жатқан талап-арыздың шешімі күтілуде. Алдағы уақытта жылыжайларды қайта қабылдағаннан кейін іске қосатын, қалпына келтіретін және кәсіппен айналысатын инвесторларды іздестіру жұмыстары жалғасады», — деп түсіндірді бұл жайында филиал басшысының орынбасары.

Бұған дейін үмітінен күдігі басым жобаны ара-тұра жандандыруға ниет білдіріп, көкөніс егуді қолға алғандар да болған. Бірақ түрлі себеппен бастаған ісін соңына дейін жүргізе алмай, жар ортадан тастап кетіпті. Соның салдарынан қыруар қаржы қармен жанбыр суынан тозып, желге ұшып жатыр.

Айтпақшы, жылыжай жобасы алғаш басталған тұста қала әкімі қызметін атқарған Нұрлыбек Нәлібаев бүгінде облыс әкімі лауазымын тізгіндеп отыр. Соған орай Сыр жұрты аймақ басшысынан бір кездері аяқсыз қалған бірегей жобаны қайта жандандыруға ықпал жасайды деп үмітпен қарайды.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



Таяуда Талдықорғандағы «Самал» шағынауданында «Жарық» атты жаңа форматтағы үшінші әлеуметтік дүкен ашылды. Жаңадан ашылған сауда орны алдыңғы әлеуметтік дүкендерге қарағанда әлдеқайда кең әрі жайлы екен және мұнда әлеуметтік маңызы бар тауарлар нарықтағыдан 15-20% төмен бағада ұсынылуда. Алғашқы күні тұтынушы көп болды. Бағаның да көңілдерінен шыққанын айтып жатты.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Халықтың сұранысына сай болып, бағаның тұрақтануына ықпал етеді деп болжанып отырған сауда нысанын «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қолдауымен «Свет-Ко» жеке кәсіпкерлігі ашты. «Жарық» дүкенінде облыстың тұрақтандыру қорының және «кері схемамен» жұмыс істейтін өндірушілердің тауарлары саудаланады. Әлеуметтік дүкенде тауардың түрі көп, соның ішінде азық-түлік, тұрмыстық химия, сусындар және басқа да әлеуметтік маңызы бар 18 түрлі азық-түлік өнімі нарықтағыдан 15-20% төмен бағада саудаланады. Мысалы, 1 сәнаттағы жұмыртканың ондығы 445 теңгеден, сұйық май литрі — 510 теңге, күріштің келісі — 340 теңге, картоп — 110 теңге, пияз — 70 теңге, сәбіз — 140 теңгеден, осылайша жалғаса береді.

Нысанның ашылуына арнайы келген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Бершімбеков әлеуметтік дүкендердің ашылуы облыс әкімдігінің бастамасымен қолға алынып, Талдықорған қаласы әкімдігі мен «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бірлесіп жүзеге асырып жатқанын атап өтті.

— Мұндағы сөрелерге тауарлар делдалсыз, өндірушілерден тікелей жеткізіледі. Сондықтан бағасы да тұрақты болады. Әлеуметтік дүкендердің бәрін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қаржыландыратындықтан, олардың тауарларды нарықтағыдан төмен бағада сатуына мүмкіндігі бар, — деді қала әкімінің орынбасары.

— Жаңа дүкенге жарма, көкөністер мен жұмыртқа алуға кел-



дім. Шынында да, нарықтағыдан төмен бағада екен. Дүкен қолайлы жерде, аялдамаға жақын орналасқан. Біздің ауданда егде жастағылар көп. Енді бізге орталық базарға жиі барудың қажеті болмайды, — дейді қала тұрғыны Гүлгүл Қанапиянова.

Қазір Жетісу облысында «Жетісу» ӘКК-нің 6 әлеуметтік нүктесі орналасқан. Оның ішіндегі 2 әлеуметтік дүкен Талдықорғанда, 1-еуі Үштөбе қаласында, сол сияқты коммуналдық және әлеуметтік базарлар мен «Көкбазар» сауда үйінде жұмыс істейді. ӘКК өкілдерінің айтуынша, бұл бағыттағы жұмыс мұнымен тоқталмайды, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес алдағы кезде де облыс орталығының халық тығыз орналасқан шағынаудандарында осындай форматтағы әлеуметтік дүкендер ашылады.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

БАЛАНЫ ШИРАТАТЫН, НӘЗІКТІКТІ «ҚИРАТАТЫН» ЛАГЕРЬ

Орал қаласында Руслан Нұрышов деген жігіт тұрады. Өзі Қарулы күштердің запастағы лейтенанты. Осы Руслан Нұрышов бастаған бір топ әскери 2022 жылы балаларға арналған «Ақжайық қырандары» әскери-патриоттық лагерін ашқан. Лагерьдің алғашқы жылында – 100 бала, екінші жылы 250 бала тәрбиеленген. Лагерь жұмысына Оралды қойып, Маңғыстау мен Ақтөбе, Атыраудан балалар келіп қатысқан. Руслан Нұрышов өзі «Мақсат» медициналық колледжінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Біз жас лейтенантты тауып алып, лагерь жұмысы туралы сұрадық.

Келісілген уақытта айтылған жерге келдік. Зал толы бала. Бәрі әдемі әскери киім киген. Қимылдары да ширақ. Солардың ортасында біздің кейіпкеріміз Руслан да жүр екен. Руслан өзі осы лагерьдің командирі.

«Ақжайық қырандары» әскери патриоттық лагері 2022 жылы ашылған. Лагерьді бастап ашып, ұйымдастырып жүргендер – бұрынғы әскерилер. Әскерилер зейнетке ерте шығатыны белгілі. Сол зейнетке шыққан бір топ әскери қызметкер бірігіп осы лагерьді ашқан.

— Мақсатымыз — балалардың уақытын тиімді ұйымдастыру, біз білгенді, көргенді жастарға үйретсек дейміз, — дейді лагерь құрылтайшысы.

Лагерь ашу туралы ой қайдан келді деген сұрақты төтесінен қойдық.

— Бізді мектептерге көп шақырады ғой. Кездесулерге көп барамыз. Жасыратыны жоқ, кездесулерден қарнымыз ашып келеміз. Балалар өте әлсіз, әсіресе ұлдар тым нәзік. Тіпті, ішінде тырнақ өсіріп, сырға



тағатындары да бар екенін байқап жүрміз. Ер адамға тән іріліктің азайып бара жатқанын байқап жүретін едік. Содан неге жастардың тәрбиесін өз қолымызға алмасқа, нағыз ер адам жасайтын тірліктің, тәртіптің қандай болатынын көрсетейік, балдарды үгіттейік деген шешім шығарып, осы жұмысты бастап кеттік. Лагерьдің жұмысын жүргізу маған тапсырылды, — дейді запастағы лейтенант Руслан Нұрышов.

Мемлекеттің маңызды міндеті — азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отаны үшін

мақтаныш сезімін қалыптастыру. «Ақжайық қырандары» әскери патриоттық лагері осы мүдденен

шығуды көздейді. Лагерьге қатысу ақылы. Себебі ешқандай мемлекеттік қолдау алмайды.

— Алдағы уақытта мемлекеттік қолдау болса, лагерь жұмысын кеңейтуді көздеп отырмыз, — дейді ұйымдастырушылар.

Оған 10 мен 16 жас аралығындағы ұл-қыздар қатыса алады. Бұл жерде күніне 5 мезгіл тамақ беріледі. Балалар кедергілерден жүгіріп өту, биіктіктен секіру, жоғарыға өрмелеу, турникке тартылу, автоматты уақытқа құру мен жинау секілді нағыз әскери дағдыларды үйренеді.

Біз барған кезде балалар жаттығу залында екен. Лагерь

тәрбиеленушілерінің бірі Аршат Сейтонов есімді жасөспірімді әңгімеге тарттық.

— Қазір бізде алғашқы әскери дайындық сабағы жүріп жатыр. Біз әскери ізетті, дұрыс жүруді, қару-жарақты дұрыс ұстауды, құруды, бұзуды үйрендік. Біздің сабақта қыздар да бізбен бірдей осы дағдыларға үйренеді. Біздің қыздар да автоматты бұзып, жинай алады, — деп мақтанышпен айтып берді ол.

Лагерь командирі Руслан Нұрышев бізді алғашқы әскери дайындық сыныбына ертіп апарды.

— Осы кабинетті өзім жасақтадым. Қазір балаларға бұрынғы әдіспен сабақ берген

ұнамайды. Бәрін айтып, оны видеомен көрсетіп, дәлелдеп түсіндіремін. Сол үшін осы кабинетті жасақтадық. Интернет желісіне қосып, әскери тақырыптағы видео сабақтарды жаздық. Балалар еліміздің әскері қалай құрылғаны туралы, кімдер құрғаны, кім басқаратыны туралы мәліметті білуі керек. Жалпы, баланың әскерге деген қызығушылығын оятатын осы алғашқы әскери дайындық сабағы ғой. Егер бала осы жерден Отанды сүйді, оны қорғауды түсінбесе, кейін әскерге баруы да, жақсы әскери қызмет атқаруы да өте қиын, — дейді Руслан Нұрышов.

«Ақжайық қырандары» лагерінің де мақсаты сол — балалардың бойына отаншылдық рухты сіңіру, балаға әскери өмірдің дағдыларын үйрету арқылы баланы ширату, Отанға тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КӨНЕ КІТАП

Тұрмағамбет Ізтілеуовтің ең алғаш баспадан шыққан кітабы табылды. Құнды мұраны ауылдастары ақынның атындағы мектептің мұражайында сақтаған. Әріптері ескі машинкамен терілген екі томдық кітап — әйгілі Фирдауси «Шахнамасының» бір бөлігі.

Тұрмағамбет ауылындағы мектеп жанында «Сыр елі — жыр елі» атты музей бар. Жүз ақын туған ауылдың тарихымен осы жерде танысуға болады. Ұлттық өнерге қатысты жүздеген жәдігер отыз жылдан бері осында жинақталып, кейінгі буынның назарына ұсынылады. Соның ең құндысы — Фирдаусидің «Шахнама» дастанының аудармасы.

— Тұрмағамбет ақын репрессияға ұшырағаннан кейін бұл кітап «Шахнаманы» жұбайы Биға әжеміз сақтап, оны жер астына көміп, бізге дейін осылай жеткізген екен. Бізге бірінші көшірмесі берілген. Бірінші кітабы — «Жәм-шитнама», екінші кітабы «Дарапнама» деп аталады. Оны Тұрмағамбет ақынның баласы өз қолымен берген болатын, — дейді музей менгерушісі Айымжан Бектасова.

65 жыл бойы сақталған бұл баға жетпес мұраны облыстық сирек кітаптар қорына бірнеше рет сұратқан. Бірақ ауыл үлкендері ұлы шайырдың туған жерінде көне кітабы болу керек деп шешкен. Ғылыми ізденістеріне мәлімет алу үшін кейбір ғалымдар Тұрмағамбет

ауылын іздеп те келеді. Мыңдаған жолдан тұратын бұл әйгілі шығарманың қазір аудио нұсқасы да бар. Дегенмен ең алғашқы көшірмесі 1959 жылы баспадан шыққан екен. Мамандардың айтуынша, Тұрмағамбет Ізтілеуов 30 жыл бойы жазылған осы «Шахнаманы» небәрі бір жылдың ішінде аударып шыққан.

Мұражайда алғаш баспадан шыққан кітаптан бөлек, ақынның шапаны, көзілдірігі, сиясауыты мен кездігі де бар. Ұлттық өнерді ұлықтаған ұстаздар сөз шеберінің тұтынған бұйымдар мен рухани мұрасы ауыл жастарына шабыт береді. Ақын Тұрмағамбеттің қазір бізге жеткен жәдігер ретінде де, артында қалдырған өзінің рухани байлығы ретінде де ұрпақтары оның жырларымен сусындап өсетіні анық. Тұрмағамбет ауылында текті өнерді жалғастырушы жастар көп. Ақын атымен аталатын мектепте 349 бала білім алса, соның 170-і қос ішекті аспаптың құлағында ойнайды екен. Жыршылық өнер — өміршен қазына деген осы болар.

ВЕНЕЦИЯ БИЕННАЛЕСІНДЕ — ҚАЗАҚ СУРЕТШІЛЕРІ

Биыл өтетін 60-шы Венециялық өнер биенналесінде Қазақстанның павильоны болады. Көрмеге отандық бірнеше суретшінің туындылары қойылады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Венецияда Jегуіуq деген атаумен еліміздің заманауи сурет өнері туындылары ұсынылады.



Jегуіуq — ізденіс пен жол метафорасы туралы қазақ аңыздарынан алынған утопия. Экспозициялардың бағыты — футуристік.

«Венециялық биенналеге қатысу еліміз үшін өте маңызды, өйткені ол халықаралық деңгейдегі беделді іс-шара. Қазақстанның өз павильоны болады, біз оны жалға аламыз. Бізді демеушілер, меценаттар қолдап отыр, шығындардың негізгі бөлігін солар жабады. Бюджеттен қаржы қарастырылмаған, министрлік көрмеге қатысуды акпараттық және басқа жолдармен қолдайды», — деді көрме кураторы Данагүл Төленбай 60-шы Венеция өнер биенналесінде Қазақстанның көрмесін ұйымдастыруға орай өткен баспасөз мәслихатында. Екі жылда бір өтетін халықаралық көрмеге еліміз ресми екінші жыл қатысқалы отыр.

«2000 жылдардың басында Қазақстанда заманауи өнер аса жоғары деңгейде болмады, қазір бізде тәжірибе жеткілікті. Отандық суретшілердің кейінгі буыны шетелде білім алып, халықаралық деңгейдегі көрмелерге қатысып жатыр. Қазір біз мәдениетімізді көрсету үшін шетелдік әріптестерімізге жүгінбей-ақ өзімізді ұсынуға дайынбыз», — деді көрменің тағы бір кураторы Әнуар Мүсірепов.

60-шы Венециялық өнер биенналесінде қазақ сурет өнерінің көрмесі биыл 20 сәуір мен 24 қараша айы аралығында өтеді. Оған отандық суретшілер Камиль Муллашев, Ерболат Төленбай, Сәкен Нарынов, The2wo тобы (Лена Позднякова, Эльдар Таги), Сергей Маслов және Әнуар Мүсіреповтің туындылары қойылады.

Дайындаған: С. Бегімбаева



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАЛАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ерболат ЖАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баия ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Көсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(7171) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4411
Астана қ., «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сілветі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,